25 октября – особый день для уральцев. Именно в этот день 181 год назад великий русский поэт Александр Сергеевич Пушкин прибыл в наш город. В честь этого исторического события кафедра русской филологии совместно с музеем А.С.Пушкина организовала литературно-музыкальный вечер «Путешествие от Москвы до Уральска».

С приветственным словом выступила доцент кафедры русской филологии ЗКГУ им. М.Утемисова Н.А.Выдрина. Студенты института культуры устроили самый настоящий Пушкинский бал. Организаторы вечера смогли передать атмосферу того времени, в котором жил и трудился поэт. Студенты ЗКГУ им. М.Утемисова приняли активное участие в этом мероприятии. На вечере читались пушкинские стихотворения.

Замечательно проявили себя студенты 1 курса специальности

«Русский язык и литеатура с нерусским языком обучения» и «Филология: русский язык» Алмагуль Жантемирова, которая прочитала стихотворение А.С.Пушкина на английском языке, Альбина Кази - она прочитала перевод А. Кунанабая на казахский язык стихотворения, Камила Сукпусунова, Алтын Уразова и Айдана Жумагулова. В музыкальном вечере также приняли участие ученики Подстепновской СОШ №1, которые представили отрывок из сценки «Сказка о золотой рыбке». За участие в мероприятии студенты и учащиеся школ были отмечены благодарственными письмами от областного краеведческого музея г. Уральск.

Мероприятие способствовало взаимообогащению и сближению русской и казахской литературы.



Самал АЛЬМУРЗИНА, магистрант 2 курса спец. «Русский язык и литература»

Не могут люди вечно быть живыми,
Но счастлив тот, чье будут помнить имя.

Навои

Прошлого уже нет, а будущего еще нет. И если бы настоящее всегда оставалось настоящим и не уходило в прошлое, то это было бы уже не время, а вечность. Настоящее оказывается временем только потому, что оно уходит в прошлое. Время стремится исчезнуть. Не исчезает лишь память о прошлом.

Уже 10 лет нет рядом с нами Отаралы Буркитовича Буркитова - неординарной Личности, ученого-филолога, доктора филологических наук, человека, в котором была мудрость и высокий творческий потенциал.

Ему сегодня было бы всего 60...

Ушел в расцвете сил, когда возраст стоит в центре жизни, когда есть опыт и еще много сил сделать все, о чем давно мечтал, когда все доступно и нет преграды к цели.

Биант из Приены, философ, живший в 625 г. до н.э., сказал: «Жизнь надо измеривать так, будто жить тебе осталось и мало и много».

Вся жизнь Отаралы Буркитовича является подтверждением этих слов. Он так много сделал и так мало прожил!

Вся сознательная жизнь Отаралы Буркитовича и неустанный творческий поиск на благо образования связаны с нашим вузом.

Тонкости профессии познаются лучше, если начинать с азов: тогда из маленьких открытий формируется серьезное отношение к делу. Отаралы Буркитов прошел путь от преподавателя до первого проректора вуза.

Мы знали Отаралы Буркитовича как неумоимого труженика сферы учебно-методической работы, в которой он талантливо проявил себя как мудрый наставник и требовательный руководитель. Проработав около 30 лет в нашем вузе, половину из них на разных должностях, могу утверждать: не было более в нашем вузе курирующего учебный процесс руководителя такого уровня, как Отаралы Буркитович.

Видимо, дело в том, что хороший руководитель - это не просто профессионал высокого уровня, а непосредственно человек, обладающий определённой совокупностью личностных качеств. Только такой человек потенциально способен руководить. Его рабочая биография освещена глубоким искренним уважением коллег, всех, с кем успел пообщаться. Отаралы Буркитович. Он заслужил такое отношение к себе даром сопереживания и вдохновенным трудолюбием.

Он был, бесспорно, профессионалом высокого уровня. И для поддержания этого уровня ему приходилось постоянно совершенствоваться. Будучи преподавателем русского языка на неязыковых факультетах, на протяжении всех этих лет я рассказываю студентам об Отаралы Буркитовиче следующее: «Выпускник казахской школы из Картюбы и специалист, посвятивший жизнь казахскому языку, Отаралы Буркитович

ДЛИТЕЛЬНАЯ ПАМЯТЬ ОБ ОТАРАЛЫ БУРКИТОВЕ

порой ставил меня в тупик своим знанием русского языка. Да, он мог ошибиться в падежных окончаниях. Да, он мог неправильно поставить ударение в слове. Но он постоянно совершенствовал свои знания русского языка. Его словарный запас был поистине неисчерпаем, он употреблял совершенно нетипичные для казахоязычного человека русские слова и обороты, а порой - такие слова, что мне приходилось искать их значение в словарях». Рассказывая об этом, я надеюсь, что мои студенты будут брать пример с Отаралы Буркитовича.

Несомненным положительным качеством Буркитова было то, что он всегда владел ситуацией, был в курсе всего происходящего, быстро реагировал на происходящее и устранял негативные факторы в работе.

Вспоминаю, что ежедневно он приезжал на работу в полвосьмого утра и обходил корпуса, не обходя вниманием ни одну кафедру. Неизменно доброжелателен и тактичен. Строг и требователен. Не припомню, чтобы он хоть раз унижал наше человеческое достоинство или оскорбил. Напряженную обстановку мог снять шуткой.

Отаралы Буркитович мог найти индивидуальный подход к каждому человеку и использовать его по максимуму в соответствии с его квалификацией и способностями. Встречи проректора с коллективом всегда отличались нестандартным подходом, острым юмором и живой лексикой. Его манера руководства разительным образом выделялась оригинальностью, отсутствием штампов и широтой взглядов на проблемы.

Мы отдавали дань его таланту руководителя и человека и платили за это искренним уважением.

Отаралы Буркитович был замечательным учителем и воспитателем. Бесспорна фундаментальность знаний, удивителен живой интерес к миру и к людям, его окружавшим. Он был человеком, способным на поступки - признать свою вину и повиниться может не каждый. Его великодушие, человеколюбие, отцовская и братская опека притягивали к нему множество молодых душ.

Он с поднятой головой шагал по жизни, оставляя позади себя добрые дела.

Джон Донн, английский поэт и проповедник, еще в XVII веке написал эти хорошо известные строки в своем «Созерцании»: «Ни один человек – не остров, совершенный в самом себе; каждый человек – часть континента, часть большего; если море размоет глыбу, Европа станет меньше, точно так же, как станет меньше каждый мыс, а также каждый надел у твоих друзей и у тебя...».

И если мы стали меньше от того, что нет рядом с нами Отаралы Буркитовича, что говорить о его родных?..

Его верный спутник жизни, его соратник и друг, доцент кафедры казахской филологии Ержанова Улдай Рыскалиевна продолжает работать в родном вузе. В преддверии 60-летнего юбилея Отаралы Буркитовича ею проделан поистине титанический труд – по решению Республиканского учебно-методического Совета рекомендован к печати 4-томник трудов профессора Отаралы Буркитова. Среди них «Түркітануға кіріспе», «Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі», «Қазақ тілі қайталамаларының лингвостилистикалық жүйесі», «Қазақ тіліндегі тілдік құрылымдар: морфология және синтаксис».

Русская народная мудрость гласит, что каждый мужчина должен посадить дерево, построить дом, вырастить сына.

Дом, с любовью спланированный и построенный Отаралы Буркитовичем, является причалом для его потомков. Его очаг поддерживается заботливой рукой Улдай Рыскалиевны.

Всевышний создал людей как род, производящий потомство, и поэтому люди передают своим детям и детям своих детей свою собственную сущность – физическую, психологическую и духовную. С присущей ему добротой Отаралы Буркитович вел семейный корабль, был стержнем семьи, ее центром.

Дети Отаралы Буркитовича нашли свое место в жизни. Как гордился бы Отаралы Буркитович своими детьми, как радовался бы сейчас их успехам!

Любимая дочь Дария (юрист) и ее супруг Мурат (бурильщик на нефтепромыслах Ирака) воспитывают двух детей – Атажана и Еркежана. Они живут в Астане.

Сын Улан закончил магистратуру в Кембриджском университете в Англии по специальности «Нефтегазразработка на суше и в море». В 2013 году он был удостоен престижного сертификата члена Всемирного общества инженеров, который ему был вручен в США. В настоящее время работает в Голландии. Его супруга Диана тоже инженер. Они воспитывают чудесного ребенка – Козы-Корпеш Отаралы.

Я не знаю, посадил ли Отаралы Буркитович дерево. Но аллегорично выражаясь, можно сказать, что я одно из деревьев, на рост которого Буркитов оказал немаловажное значение. Думаю, немало найдется людей, думающих так же.

Человек ушел. Но живы его дела. Живы люди, на чью жизнь он оказал благотворное влияние. Жива память о нем.

Длительно не будущее время – его нет; длительное будущее – это только ожидание будущего. Длительно не прошлое, которого нет; длительное прошлое – это длительная память о прошлом.

Длительная память о хорошем человеке...

Карлыга УТЕГЕНОВА,
к.п.н., доцент

Отделом по воспитательной работе уделяется особое внимание вопросам профилактики религиозного экстремизма и повышения религиозной грамотности среди студентов.

Так, с 6 по 13 октября т.г. в ЗКГУ на факультетах были проведены встречи студентов 1 курса и кураторов учебных групп с представителями Управления по делам религий, КГУ (коммунальное государственное учреждение) «Центр изучения проблем религии», мусульманского духовенства и городской прокуратуры. С вступительным словом выступали первый проректор ЗКГУ А.С.Тасмагамбетов, проректор по воспитательной работе Т.М.Даришева, руководитель отдела по воспитательной работе А.С.Жаксығалиева, которые озвучивали цель и тематику встреч, познакомили присутствующих с гостями.

Студентам о религиозной грамотности

В своих выступлениях специалисты Управления по делам религий Баянгуль Семғалиева, Максат Раманкулов, Нуржан Стамбакиев рассказали о религиозной обстановке в Казахстане и принимаемых руководством страны мерах по ее регулированию. В частности, о создании благоприятных условий для верующих по осуществлению религиозных обрядов, соответствующей нормативной и материальной базе, укомплектованию мечетей и церквей квалифицированными священнослужителями. Отметили наличие в Казахстане представителей всех имеющихся на современном этапе религий и религиозных образований. Так, только в Западно-Казахстанской области имеются культовые здания 9 религий и зарегистрировано 71 религиозное объединение, в основном исламского и православного вероисповедания.

Далее отметили, что с развитием религиозных отношений в Казахстане получили распространение учения нетрадиционного и даже радикального характера, появились различные секты и жамагаты, придерживающиеся этих псевдоучений, таких как «протестантизм», «ваххабизм», «баптизм», «такфиризм», «салафизм» и другие. При этом была высказана озабоченность проявлениями терроризма и экстремизма со стороны адептов указанных религиозных «учений» как в Казахстане, так и за ее пределами. Их жертвами, как правило, становятся молодежь. После соответствующей «обработке» приверженцы нетрадиционных течений впоследствии теряют интерес к жизни, перестают общаться с родственниками, занимаются только совершением религиозных обрядов и беспрекословно подчиняются во всем своим духовным «лидерам». Именно этих молодых людей впоследствии отправляют на так называемый «джихад» в «горячие точки» для участия в деятельности незаконных иностранных бандформирований, лишая их будущего и даже жизни.

В своих выступлениях теолог КГУ «Центр изучения проблем

религии» Арман Нурахметулы доводил до студентов историю возникновения и развития ислама, деление мусульман на шиитов и суннитов, образование официально принятых в мире 4 мазхабов-учений (школ) (ханафи, малики, ханбали и шафий), об основоположниках, о географическом расположении указанных мазхабов в мире. Разъяснял основные религиозные термины и понятия («ислам», «Коран», «хадис», «сура», «сунна» и др.), подробно, с использованием терминов на арабском и казахском языке, на основе исторических и научно доказанных сведений описал значение каждого понятия. Студентам было объяснено, что указанные мазхабы являются традиционными, официально принятыми во всем мире, направлениями ислама, так как они были проверены временем. Каждый «хадис» «Корана» имеет свой комментарий, где описываются причины и обстоятельства его появления в жизни пророка Мухаммеда. При этом теолог отметил, что мазхабы между собой имеют малозначительные различия, например, в позе при совершении религиозного обряда.

А.Нурахметулы сообщил, что есть мусульмане, например, салафиты, не признающие мазхабы, которые считают, что надо поклоняться только единственному пророку-учителю Мухаммеду и следовать его поступкам, описанным в священной книге «Коран» (сунна). Другие ученые и их труды в религиозном отношении неправильны. Поэтому они читают только Коран (без научных комментариев к нему) и внешне стараются быть похожим на него (ношение бороды и т.д.). При этом эти мусульмане часто неправильно трактуют хадисы. Так, теолог привел пример с ношением салафитами брюк с укороченными штанинами, связывая с тем, что Мухаммед сказал: «... то, что ниже щиколоток, то грех...», что подразумевает не возвышать себя своим богатством перед другими. А салафиты восприняли это напрямую, связывая с грязью на земле, что говорит об их религиозной безграмотности. Отдельно теолог остановился

на понятии «джихад» и «кафир», неуважительном отношении к своим родителям салафитами, что происходит из-за их безграмотности в области религии. Объяснил, почему псевдоучение «такфиризм» запрещено на территории Казахстана. В заключение А.Нурахметулы назвал сайты в Интернете («e-islam.kz», «azan.kz», «muslim.kz» и др.), созданные и действующие под контролем ДУМК и правительства РК, могущие помочь желающим поближе ознакомиться с исламом.

В своих выступлениях наиб-имам городской мечети Бейбит Дуйсеналиев сообщил об увеличении числа молодежи среди посещающих мечети. Проявил озабоченность низким уровнем знаний у молодежи канонов ислама, и высказался о недопустимости попадания их под влияние подозрительных личностей, затягивающих студентов в сомнительные секты. Сообщил, что все исповедуемые официальные религии, в частности, ислам, несут в своих учениях призывы к мирному сосуществованию, терпимости друг другу, недопущению вражды и распри. Призвал присутствующих быть достойными гражданами своей Родины, получать высшее образование, добиваться высоких результатов в жизни.

Представитель прокуратуры г.Уральск А.Уаев акцентировал внимание присутствующих на деструктивную деятельность некоторых организаций, раскрыл цели и методы их работы, осветил проблемы, стоящие на современном этапе, по противодействию распространению псевдорелигиозных учений. На примере фактов осуждения жителей области, принимавших участие в террористической и экстремистской деятельности, была доведена информация о вовлечении молодежи области, в т.ч. из числа студентов, в деструктивные группировки, действовавших под прикрытием религии. Акцентировал внимание присутствующих на уголовном преследовании лиц, совершивших, на первый взгляд, малозначительные действия, например, распространение запрещенной религиозной литературы, в том числе по просьбе кого-либо. Особенно негативно воспринимается противозаконное участие верующих в боевых операциях в различных горячих точках планеты.

Приглашенные оставили свои контактные телефонные номера и адреса организаций, куда они могут обратиться по рассматриваемому вопросу за более подробной информацией. Во время мероприятий студенты слушали внимательно, проявляли живой интерес, задали много вопросов.

М.СЕЙТКАЛИЕВ,

помощник ректора по делам молодежи ЗКГУ

ЖИТС туралы нені білуіміз қажет?

Осы мақаланы жазбас бұрын өзімді студенттің орнына қойып, оларды қандай тақырып қызықтырады деген сауал төңірегінде біраз ойландым... Ел экономикасының дамуы, ертеңімізге деген ел сенімі – отанымыздың келешегі болып саналатын жастармен тығыз байланысты. Сол себепті де бүгінгі жастарымыз үшін мәдениетті, білімді болумен бірге денсаулығы мықты, ерік-жігері жоғары, рухы биік азамат болу басты парыз деп санаймын. Біздің елде студенттің жарасымды тұрмыс құрып, үйлесімді дамуы үшін барлық жағдай жасалған. Өнердің, спорттың сан-салалы түрімен айналысуға болады. Арақсыз, есірткісіз, темекісіз әрі мазмұнды, әрі сәнді өмір сүруге болады. Алдамшы құмарлықтан бас тартып, өзін-өзі билей білу — адам бойындағы ізгі қасиет, үлкен парасаттылық. Бірақ та сол қызығы мен шығығы мол студенттік кезде жастықтың буымен түрлі қадамдарға барып, өз денсаулықтарына мән бермеген студенттер түрлі ауруларға шалдығып жатады. Солардың бірі заман жақсарып, техника дамып, мүмкіндіктер молайып жатса да дауасы табылмаған дерт – ЖИТС (жүре пайда болған иммунды тапшылық синдромы, СПИД) ауруы туралы жазғанды жөн көрдім.

ЖИТС – инфекциясы білінбей өтетін ауыр ауру, АИТВ (ВИЧ) инфекциясының соңғы сатысы. Вирус жұққан адам — вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан, әсіресе, вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады. Көз жасында, жұлынсұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болуы мүмкін. ЖИТС вирусы сау адамға мынадай үш негізгі жолдармен жұғады:

- 1) Жыныстық қатынас арқылы; кездейсоқ жыныстық қатынас кезінде; жыныстық серіктестікті жиі ауыстырған кезде; мүшеқалпысыз жыныстық қатынасқа түскен кезде.
- 2) Қан арқылы есірткіні қантамыры арқылы пайдаланғанда (ине, шприц және басқа құрал-саймандар, материалдар); татуировка, пирсинг, маникюр, педикюр жасату мен басқа шаралар кезінде (залалсыздандырылмаған ине, құралдар арқылы); кездейсоқ жарақат алғанда қолданылған шприц инесінен дәрі егу кезінде.
- 3) Тікелей ауру анадан балаға жүктілік кезінде, босанғанда және емізгенде.

Вирус адам ағзасына ауыз қуысы сілекейлері, тері арқылы және инфекция жұқтырған адамдармен жеке гигиена заттарын бірге пайдаланған кезде тіс ысқыштар, ұстара, электро-ұстаралар және кесетін құралдар арқылы жұғады. Ал егер адамдар бір-бірімен қол алысып, құшақтасса, жөтелсе, түшкірсе,

бассейнде және табиғи суда шомылса, ортақ ыдысты, асхана, төсек-орын жабдықтарын, ортақ әжетхананы және жуынатын бөлмені қолданса, шыбын-шіркей шаққан жағдайда вирус берілмейді.

Жоғарыда аурудың негізгі үш түрлі жұғу жолы бар екенін айтып өттім. Жасыратыны жоқ, көпшілігіміз аталған ауру жайында естігенімізде, науқасқа жолап кетсек болды, ауруы жұғып қалатындай үрке қараймыз. Әрине, ешкім ауруды тілеп алмайтыны белгілі. Сондықтан бұған да түсіністікпен қарап, мүмкіндігінше, қол ұшын созу керек сияқты. Өйткені, ЖИТС ауруы күнделікті қарым-қатынас арқылы жұқпайды. ЖИТС-ке қарсы күрес орталығы мамандарының айтуынша, науқасқа шалдыққан адамда алғашқы мезгілде үнемі себебі белгісіз қызу болып, басы айналып ауырады. Сонымен бірге буындары



қақсап ауырады, теріге бөртпе шығады. Бүкіл дене бездері ісініп, адамның іші өтіп, арықтай бастайды. Ағзадағы ақ клетка төмендейді, лимфа клеткасы, қан пластинкасы азаяды, ауыз қуысында ақ дақ пайда болады. Оған қоса жүйке жүйесінің қызметтері бұзылып, тепе-теңдік сақтау қабілетінен айырылады. Міне, бұл өзгерістердің бәрі аталған аурудың алғашқы әрі негізгі белгілері болып табылады. Дәрігерлер қазіргі таңда АИТВ жұқтырғандарға жоғары активті антиретровирусты ем қолданылатынын айтуда. Ем арқылы науқастың ағзасында вирустың көбеюі тежеледі, аурудың өршуі тоқтайды. Соның нәтижесінде, АИТВ жұқтырғандардың өмір сүру мүмкіндігі жақсарып, өмір жасы ұзарады.

Халық даналығында «ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген әдемі нақыл бар. Сондықтан да аурудың

алдын алып, онымен күресу басты мақсат. Бұл орайда түрлі шаралар ұйымдастырып, өткізу жолға қойылған. Мысалы, 1 желтоқсан – дүниежүзілік ЖИТС-қа қарсы күрес күні деп белгіленіп, осының аясында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Сонымен қатар тұрғындар арасында ЖИТС жөнінде санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізудің ерекше маңызы бар. «Ғасыр тажалымен» күресу бір ғана мекеменің ісі емес, бұл бүкіл әлем жұртшылығының жұмыла істейтін ісі екені белгілі. Сондықтан әркім аурудың қалай тарайтынын, одан қалай сақтану қажет екенін жетік білуі тиіс. Жеке бас профилактикасы да қарапайым ері денсаулық үшін ұтымды. Оларға мыналар жатады:

- салауатты, әдепті өмір сүру;
- кездейсоқ жыныстық қатынастан және гомосексуалист, жезөкшелермен жақындасудан сақ болу;
- стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;
- әсіресе терісі, шырышты қабаттары зақымданған жағдайда бөтен біреудің қанымен, бөлінділерімен жанасудан абай болу;
- мүшеқапты дұрыс пайдалану (ол ЖИТС-тен қорғайды);
- қанқұйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылданғанда олардың АИТВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу (ол үшін қолданылған қанның сериялық нөмірін жазып алыңыз);
- маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару;
- ЖИТС вирусын жұқтырып алдым-ау деген күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну.

Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Кез-келген азамат күдіксіз өмір сүру үшін, АИТВ-инфекциясының жұққан-жұқпағандығын анықтау үшін емханадан немесе ЖИТС орталығынан тегін және құпия түрде тексерілуіне болады.

Сіз бүкіл әлемді өзгерте алмайсыз, бірақ бүгін қай жерде болса да бір адамның жеке әлемін өзгерте аласыз. Дені сау адам ғана жарқын болашақ иесі екенін ұмытпайық! Өзіңіздің және туыстарыңыздың денсаулығына жауапкершілікпен қараңыз! Ең бастысы осындай қауіпті індеттің бар екенін естен шығармай, жанымыздағы адамдарға естіп-білгенімізді насихаттап, барлығымыз жұмылып бірге күресейік!

САНАЛЫ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСА ЖӘНЕ ӨЗ ІСІҢЕ ЖАУАПТЫ БОЛ!

Ж.А.ДЖАНҒАЛИЕВА,

№5 қалалық емханасының алдын алу және әлеуметтік – психологиялық көмек бөлімінің дәрігері



Еркесі еркін даламның...

Сайын даланың еркесі - киіктің жер бетінде пайда болғанына 14 мың жылдан астам уақыт өтіпті. Тіршілік үшін күресте табиғаттың қатаң сынағына қайсарлықпен төтеп беріп, біздің дәуірімізге аман-есен жеткен ежелгі жануардың күні бүгінгі басты жауы адам екені өкінішті.

Соңғы сексен жыл ішінде Қазақстандағы киіктің тағдыры екі рет қыл үстінде болды. Аңқұмар адам баласының ашкөздігі салдарынан өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында ел аумағында бар-жоғы бірнеше жүз бас киік қалған. Сол тұста киікті атуға мерзімсіз мораторий жарияланып, дала еркесінің еркін өсіп-өнуіне қолайлы жағдай жасалды, нәтижесінде 1950-1955 жылдары киіктің қарасы көбейгені соншалық, енді киікті шаруашылық мақсатта аулауға рұқсат берілді. Бұдан кейінгі кезеңдерде аңшылар 5 миллион басқа жуық киікті қарауылға алып, 90 мың тонна ет өндірді. Киік мүйізін экспорттаудан түсетін қаржы жылына 3 миллион АҚШ долларына жетті. Жаппай қырып-жою ізсіз кетпейтіні белгілі. Соңғы 10-15 жыл бедерінде киіктің басына тағы да бұлт үйіріліп отыр. 1992 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы киік саны 1 миллион 200 мың бас құраса, бүгінгі қолда бар деректер бойынша олардың саны 60-70 мыңнан аспайды. Өсіресе, мамандарды киіктің мүйізді текесінің азаюы қатты алаңдатып отыр. Олар болмаса киіктің таралуы өзінен-өзі кемі беретіні түсінікті. Бұл мәселенің өткірлігіне облысымызда жыл сайын өтетін киік санағы кезінде де көз жеткіздік.

ҚР Білім және ғылым министрлігі зоология институтының инженері Александр Грачевтің айтуынша, алаңдауға кәдімгідей негіз бар.

Батыс Қазақстан аумағын киіктің еділ-жайықтық тобы мекендейді. Өткен жылы біз мұнда 18 мың бас киіктің бар екенін айғақтап, қуанып қалдық. Жыл санап аздап болса да өсім бар. Алайда үйірдегі аталық текенің аздығы көңілді қобалжытпай қоймайды. Үйірдегі аталықтың саны бір пайыздан кем болса, бұл — дабыл қағуға тұратын жағдай. Тек мықты аталық қана мықты төлдің кепілі. Күштіден күшті, әлжуаздан әлжуаз туады. Бұл — табиғаттың заңы. Осы тұрғыдан келгенде киікті, әсіресе, оның аталығын аман сақтау — табиғат байлығын қорғаушы инспекторлардың ең басты міндеті, — деді Александр Владимирович.

Текенің аздығынан үйірде соңғы уақыттары бұрын-соңды ғылымда кездеспеген мынадай құбылыс пайда болған. Әдетте, бір теке 15-30 аналықтан тұратын үйірге жеке-дара қожалық ететін болса, қазір керісінше, аналықтардың өзі жалғыз текенің назарын аударуға таласады. Сөйтіп, мықтымен мықты тайтала-сып, дені сау ұрпақ әкелу құқығына ие болатын бұрынғы күшті теке культі өлсіреп кеткен.

Киіктің тұқымын тоздырып бара жатқан тағы бір апат — оның мүйізіне деген ашкөз сұраныс. Киік өсімін қадағалайтын мамандар Қытайда киік мүйізінің бір келісі 100 доллар деген мәліметті алға тартады. Қатерлі дерттерге дауа болар дәрі-дәрмек жасалынатын шикізат — мүйіздің бағасы көтерілмесе, сірә да төмендемес. Ақша табудың оңай жолын іздеген браконьерлер бұл «мүмкіндікті» барынша пайдалануға тырысатыны айдан анық.

Қазақстанда дала еркесін атуға толық тыйым салынғанның өзінде оның өсіп-өнуін қалпына келтіру үшін бірнеше онжылдықтар қажет. Түз тағысына шекара кедергі емес. Миграциясы кезінде олар көршілес Өзбекстан мен Түркменстан аумағына ауа көшеді. Ал ол мемлекеттерде киікті қорғайтын ешбір мекеме-ұйым жоқ.

Батыс Қазақстан киік санағына қайтып оралсақ, сәуір айының алғашқы жеті күні ішінде 8200 бас киік есепке ілікті. Бұл — өткен жылдың осы кезеңінде жүргізілген санақ барысындағы киік санынан екі мың басқа көп. Жер апшысын қуырған браконьерлердің ендігі тағдыры қалай болғанда да адамның өз қолында.

Ақбөкен — осы кезде белгілі, сүтқоректілер класының жұптырақтылар тобының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын, ежелгі киік туысының жалғыз өкілі. Оны басқалардан қысқа келген пілдің тұмсығына ұқсас тұмсығына қарап, тез ажыратуға болады. Палеартиканың шөлді және шөлейтті аймақтарында көшіп жүретін — үйірлі аң, Қазақстан Республикасының бірегей, әрі құнды игіліктерінің бірі болып табылады. Қазақстан аумағында киіктердің заманауи мекендеу аймағы мен қорының негізгі бөлігі бар.

Жерлерді қарқынды игеру мен мал шаруашылығының дамуы, киіктің ежелгі біртұтас популяциясы бір-бірінен оқшауланған үш популяцияға бөлінуіне әкеліп соқты: Бетпақдала, Үстірт және Орал.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін киік кәсіби аңшылық жануар болып есептелді. Оның түрлі тұтынушылар етін, терісі мен мүйізін (шығыс медицина дәрілік шикізат ретінде) пайдаланылады. Кезеңмен қайталанып келіп отырған қаһарлы қарлы қыстар, қасақылық және жыртқыштардың қысымы, сонымен қатар шұғыл жасақтардың қаржыландырылмауы, соның салдарынан туындаған көп қасақылық жағдайлары киіктің жоғалып кету қаупін тудырды.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардың екінші жартысында болған киіктерді қорғау бойынша 1996 жылы ақбөкен Табиғатты қорғаудың халықаралық одағының (ТҚХО) Қызыл тізіміне енгізілді.

2003 жылы жүргізілген санақ бойынша Қазақстанның кең даласында ақбөкендерінің саны 21 мың бастан аспайтынын көрсетті.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шаралар қолдануы нәтижесінде, Республикадағы сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі бар жабайы тұяқты жануарлар түрлері мен киіктерді сақтау және қалпына келтіру бағдарламасын жасап, орындау, 2011 жылға дейін киікті аулауға жаппай тыйым салу және ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК жүйесінде 2003 жылы арнайы республикалық Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметінің құрылуы — киік санының күрт төмендеуін тоқтатты. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен 2010 жыл киіктерді 2020 жылға дейін

аулауға тыйым салынды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық мемлекеттік бағдарлама бекітіліп әрекет етеді, онда киікті қорғау, тұрақтандыру және санын арттыруға және де популяцияны тиімді деңгейге дейін қалпына келтіру, сонымен қатар аса қорғалатын табиғи аймақтар жүйесін дамыту мен кеңейтуге ерекше көңіл бөлінген.

«Охотзоопром» ӨБ» РМҚК мамандары мен ҚР БҒМ Зоология институтының ғылыми қызметкерлерімен жыл сайын әуе және әуе көлігін пайдалана отырып, киіктерді есепке алу жүргізіледі.

Үнемі киік популяциясының жағдайы анықталып отырады. Дала ақбөкендерінің популяциясын қалпына келтіру процесіне әсерін тигізетін ғылыми негіздер мен ұсынымдар жасалып, енгізілуде.

Осылайша, есепке алу мәліметтері бойынша 2004-2010 жж. Киік саны 2004 ж.- 30,7 мың, 2005 ж. — 39,6 мың, 2006 ж. — 47,4 мың, 2007 ж.- 54,8 мың, 2008 ж. — 61,0 мың, 2009 ж.- 81,0 мың, 2010 ж. — 97,4 мың, 2011 ж.-102,0 мың басқа көбейді.

Арнайы республикажануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметі киіктің мекен ететін барлық аймақтарын қамтиды, олар Орталық қорғау қызметімен, екі аймақтық филиалмен және 157 инспектордан құралған 17 ұтқыр топтармен ұсынылған. Инспекторлардың ұтқыр топтары жыл бойы жұмыс істейді, жүру сапасы жоғары автокөліктермен, спутникті радиобайланыс, оптикалық құралдар, суретке түсіру және бейнеаппарату-раларымен, арнайы киімдермен және табельді қарулармен жасақталған. Қорғау шаралары мен жер үсті, ұтқыр топтармен біріге отырып жұмыс істеу үшін «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК тиесілі МИ-2 тікұшағын пайдаланылады.

2011 жылдың өзінде киікті қорғау жөніндегі инспекторлар табиғатты қорғау заңнамасын бұзған 16 жағдайды анықтап, 82 киіктің өлі денесін, 13 қаруды тәркіледі. Табиғатты қорғау заңнамасын бұзудың анықталған оқиғалары бойынша барлық материалдар құқық қорғаушы органдарға беріледі. Кінәлі тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

2006 жылы Алматы қаласында ҚР АШМ Орман және



Ең бірінші «Күннің күркіреуін» табанды күтіп жатырған Ақбөкен лағы

кунгтар — 4 дана, спутникті телефондар мен навигаторлар, түнгі көру құралдары, тұрақты және ұтымды радиостанциялары, фотоаппараттар мен арнайы киімдер.

Киікті қорғау және бақылау бойынша жұмыстарға соңғы жылдары әртүрлі үкіметтік емес ұйымдар да белсенді араласуда. Осылайша, 2009-дан 2011 жылдар аралығында елімізде Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясы (ҚБАСА) қызметкерлерімен біріге отырып бетпақдала популяциясы аумағында 52 бас киіктерге хабарлағышты спутникті қарғыбаумен жабдықты.

Сонымен қатар, 2009-2011 жылдар аралығында үстіртте мекендейтін киік популяциясының 16 басын жапон мамандары Өзбекстан мен қазақстан мамандарымен біріге спутникті қарғыбаумен жабдықты.

Спутникті таңбалау арқылы киіктердің маусымдық қоныс аударуын, төлдеу орындарын анықтау, санақ жұмыстарын жүргізуді, сонымен қатар қорғау жұмыстарын жүргізудегі бастапқы жұмыстарды анықтайды.

Жүргізіліп жатқан көптеген шаралар киіктердің қалпына келуіне және киіктерді келешек ұрпақ үшін сақтауға мүмкіндік береді.

Н.Р. МУЛДАХАНОВ

а.ш.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті, «Экология және тұрақты даму» пәнінің оқытушысы



М.Өтемісов атындағы БҚМУ — I курс студенттері мұражайда

аңшылық шаруашылығы комитеті мен «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК-ның бастамасымен, Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Түркменстан, Монғолия және халықаралық табиғатты қорғау ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен «Киіктерді сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану мәселелерін өзара түсінісу туралы меморандум» қатысушыларының бірінші халықаралық мәжілісі өткізілді. Мәжіліс қорытындысы — киіктерді сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалануға қатысты қызметтер жоспарын пысықтау және Қазақстан, Өзбекстан мен Түркменстан өкілдерінің осы Меморандумға қол қоюы болып табылды.

Меморандум тараптарының алғашқы мәжілісін өткізгеннен кейін киікті қалпына келтіру бойынша әрекет жоспарын жүзеге асыру айтарлықтай ілгеріледі. Осы уақыт аралығында жаңа жобаларды жасау және жүзеге асыру нәтижелері сияқты қызығушылық танытқан тараптар көлемі де ұлғайды.

Жетістіктерді бағалап, болашаққа бастар қадамдарды анықтау мақсатында, Монғолияның Табиғат, Қоршаған орта және Туризм министрлігінің бастамасымен 2010 жылғы қыркүйектің 7-10 аралығында Ұлан Батыр қаласында Меморандум қатысушыларының екінші халықаралық мәжілісі өткізілді. Бұнда соңғы төрт жыл ішінде жүргізілген жұмыстар қорытындыланып, 2015 жылға дейінгі кезеңде киіктерді сақтау, өсімін молайту және тұрақты пайдалану бойынша тиімді іс-шараларды жүргізу алға қойылды.

Киік қорғау жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде жарнамалық насихаттау шаралары жүргізіліп, ғылыми-ағартушылық мақалалар жарияланып, теле-радио арналарда көрсетіледі. Аймақтарда жергілікті тұрғындармен сұхбаттасып, дала ақбөкенін аялауға шақыратын ақпараттық плакаттар мен буклеттер таратылады.

Қайырымдылық көмек көрсету аясында SOS-киік бағдарламасы бойынша 2005-2006 жылдары «Seimar Socil Fand» жекеменшік қайырымдылық қоры киіктерді қорғауды қамтамасыз ету үшін «Охотзоопром» ӨБ» РМҚК-на ақысыз 350 000 артық АҚШ долларына материалды-техникалық құралдар сатып әперді. Олар: УАЗ автокөліктері — 10 дана, КАМАЗ базасында

Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік!

Ұстаз — асыл да, ардақты жан. Барлық маман иелері ұлағатта ұстаздан білім, өнеге алып болашаққа қанат сермейді. Ұстаз — шәкірт санасына жарық сыйлар өшпес шамшырақ десек қателеспеген болармыз. Жүрексіз өмір болмаса, ұстазсыз білімнің, тәрбиенің іске аспайтындығы белгілі. Міне, осындай дана жандарымызға арнап «Мәдениет және өнер» факультетінің жоғары курс студенттері, «Ұстаз — ұлағатым, үлгі өнегем» атты мерекелік концерт ұйымдастырған болатын. Концерт жоғары дәрежеде өткізілді. Сахна мерекеге сай әдемі безендірілген. Мерекелік шымылдық облыстық «Дала дарындары» фестивалінің дипломанты «ArtMusic» тобының «Ұстазым» әнімен ашылып, әрі қарай «Мәдениет және өнер» факультетінің студенттік деканы Ғұмар Ақжанның құттықтау сөзіне ұласты. Сонымен қатар қоңыр үнімен жүрек қоңырауын тербеткен «Кәусар» триосы мен Қанатқалиев Алтынбектің шырқаған әндері көрермен қауымын бір серпілтіп тастады. «Сіздер үшін» жайдарман тобының әзілдері жарасып, Ажғалиева Айдана мен Садихова Бибігүлдің «Арманым — ай» әні баршаға көтеріңкі көңіл сыйлады. Шамуратов Дәурен жүрек жарды өлеңін оқып, жанға жылу сыйлағандай...

Концерт соңында шәкірттің оқуға, өнерге шабытын оятып, ұстаздық жолда талмай еңбек етіп келе жатқан «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы Исатаев Мейрам Исатайұлы ұжымына жылы лебізін білдіріп, құттықтау сөз сөйледі. «Ұстаз келер күннің — ұстасы», — демекші айбынды ұстаздар ұжымына ғұмыр жастарыңыз ұзақ, жетер жетістіктеріңіз көп болғай деген тілектер жолдаймыз.

Алина КЕНЖЕҒАЛИЕВА,
МТЖ мамандығының 1 курс студенті

ҒЫЛЫМ

«Біз – болашақтың қуатымыз» атты жастар арасындағы инновациялық және серпінді жобалардың республикалық байқауының жеңімпазы.

2014 жылдың 21 қазан күні Орал қаласында Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы ұйымдастырумен «Біз – болашақтың қуатымыз» атты жастар арасындағы инновациялық және серпінді жобалардың республикалық байқауы өтті.

Қазақстанның қалаларынан келген студенттер өз жобаларын ұсынды. Бұл байқаудың негізгі мақсаты - ЕХРО-2017 халықаралық көрмесіне жобаларды іріктеу арқылы, жастардың ғылыми жұмысқа деген қызығушылықтарын арттыру, жаңа идеялар арқылы еліміздің дамуына, сонымен қатар көрменің жоғары деңгейде өтуіне үлес қосу. Байқау келесі секциялар бойынша өтті:

«Б а й л а н ы с саласы»;

«ІТ технологиясы және робототехника»;

«Мұнай және газ»;

«Энергия үнемдеу технологиясы».

Осы байқауға М.Өтемисов атындағы БҚМУ физика-математика факультетінің физика мамандығының 2-курс студенті Қабдығали Жанайым қатысып, 1-орынды иеленді. Ол өзінің «Сутегі мен гелий атомдарын синтездеу арқылы жасалған электрстанциясы» тақырыбындағы жобасын «Энергияны үнемдеу технологиясы» секциясында ұсынып, қорғады. Жобаның негізгі мақсаты – болашақта таза, қауіпсіз, сапалы және тиімді пайда әкелетін энергия көздерін табу. Жобада электрстанциясын құрастырудың негізгі міндеттері: күн сәулесінен келіп түскен сутегі мен гелий атомдарын синтездеп, үдеткіштер көмегімен жылдамдығын арттыру арқылы электр энергиясын алу. Алынған энергияны конденсатор көмегімен трансформаторларға жіберіп, тұтынушыларға энергия көзін беру.

Байқау жоғары деңгейде өтті. Байқауға студенттермен қатар магистранттар да өз жобаларын ұсынды. Осындай ғылыми жобалар байқауларын өткізу барысында жастардың ғылымға деген қызығушылығы артады.



ЖАС АҚЫНЫМЫЗ жүлдемен оралды!!!

Сол жарыста кеше ғана факультетіміздің табалдырығын аттап, қазіргі таңда «Мәдени - тынығу жұмысы» мамандығында білім алып жатқан студентіміз Орынбек Меңдіқұлов жан-жақтан жиналған 10 айтыскер ақындардың ішінен суырылып шығып жүлделі 2-орынды иеленді. Тұшымды айтыс өнерін көрсетіп көрермендердің зор ықыласына бөленді! Ертеңінен үлкен үміт күттіретін Орынбекке толағай жетістіктерің таусылмасын, алар асуларың арылмасын, шешендік сөз саптау өнерің сарқылмасын деп тілейміз!!!

Е.М.ШАМҒАЛИЕВ,
мәдениет және өнер факультеті студенттік
декаанының хатшысы



«XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысы

Жаратылыстану-география факультетінің 17 қараша Халықаралық студенттер күніне орай «Жеті күн – жеті игі іс» атты апталық аясында өткізілетін іс – шаралар шымылдығын осы айдың 5-ші жұлдызы рухани бай, қызығушылығы жоғары білім жолында өз білігін бағындыруға ұмтылған әр студенттің білім бәсекесі «Геофак көшбасшысы» зияткерлік сайысы ашқан болатын. Бұл аталмыш сайысқа биология, география, химия, экология мамандығының еңбекті сүйген, терең ойлы, мақсаты айқын бірінші курс студенттері қатысты.

Зияткерлік сайыс барысында бірінші және екінші апталықтан жоғарғы ұпай жинаған 6 студент финалға жолдама алды. Ойын «Бәйге», «Жорға», «Дода» атты үш кезек көлемінде оздырылды. Тартысты өткен білім додасын арнайы сарапшылар әділ қорытындылады. Нәтижесінде, бабы мен бағы келіскен өзінің шын жүйрік екендігін танытқан география мамандығының 01111-топ студенті Насибуллина Ұлдана «Геофак көшбасшысы» атанып, республикалық олимпиадаға жолдама алды және жаратылыстану – география факультетінің арнайы алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар, өздерін жақсы деңгейде таныта білген, алғырлықтары және өздеріне деген сенімділіктерімен көзге түскен студенттер алғыс хаттармен марапатталып, арнайы сыйлықтар табыс етілді.



I дәрежелі - Қараманов Ғалымжан 01103 топ
II дәрежелі - Филманов Еркебұлан 01105 топ
III дәрежелі - Адиетов Заманбек 01111а топ
Жыл сайынғы дәстүрге айналған факультет көшбасшысы ерекше құштарлығы бар студенттер қауымына ерекше әсер етті.

Қатира ХАТИНА,
биология мамандығы, 1 курс

«Жасыл ел» және «Құрылыс жасағының» 3 маусымдық жабылу кеші М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде өтті. Кешті ұйымдастырған тәрбие ісінің меңгерушісі Альфия Сырымқожақызы және де кештің көрмет көңіл күйде өтуіне атсалысқан жүргізушілер Райымбек пен Жанайдар өте жоғары деңгейде өткізді.

«Жасыл елдің» қорытынды кеші

Кешті университетіміздің проректоры Түймеш Малбағарқызы Дәрішева ректордың құттықтау сөзімен ашты. Университет қабырғасында жүргенде жасыл елге қатысып белсенділік танытқан оқытушыларымыз Қарлыға Тасқалиевна Утегенова мен Түймеш Малбағарқызы Дәрішева апаларымыз өздерінің сол кездегі қызықты шақтарын еске түсіріп, әңгімелеп берді. Филология факультетінің деканы Қыдыршаев Абат ағай да сол кездегі «Строй отряд» жасағының сарбазы. Бүгінгі таңда осы аға-апаларымыз өз орындары бар тұлға және біздер үлгі тұтарлық жандар.

2014 жылдың қорытындысы бойынша «Жасыл ел» студенттік құрылыс жастар еңбек жасақтары бағдарламаларының жүзеге асуына белсенді үлес қосып, өлкеміздің көркеюі мен абаттануы жолында қажырлы еңбектерімен ерекшеленіп, ректордың «Естелік сыйлықтарымен» марапатталған студенттер: Еркебұлан Смадияр, Айдана Бергеналиева, Асылай Ерманова, Самғат Ізімов, Шаттық Жұмажанова, Айгерім Сабырова, Айнұр Бауылова, Гүлдана Жексенғалиева, Ұлмекен



Ысқақова, Бек Самарқан, Тілек Ералиев, Нұрлыбек Шапихов, Перизат Илашева, Күнсұлу Абдрашева, Нұрлыбек Қайыржанов. Осы аталған студенттер алдағы үлкен жетістіктерге жете беріңіздер.

Мен, Ұлмекен Ысқақова, «Жасыл ел» жасағында екінші рет еңбек етуім. Бұл марапат еңбегімнің жемісі. Ең бастысы, жазғы демалысымды өте тиімді пайдаландым. Бір жағынан таза қаламыздың тазалығы үшін кішкене болса да өз үлесімізді қоссам, екінші жағынан осындай үлкен құрметке ие болдым. БҚМУ бізді білімімен қоса еңбек етуге тәрбиелеп жатыр.

Кеш соңы Ақбаян Таймұханованың әнімен аяқталды.

Ұлмекен ЫСҚАҚОВА,
филология: қазақ тілі мамандығының
3 курс студенті

«Жанға жылу сыйлаған жарқын бейне»

Ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қаншама мән – мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз – келер күннің тұтқасы. Ұрпақтың қалыптасып келе жатқан дүниетанымының, өмірге деген көзқарасының иесі. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлы Абай атамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына тәлім-тәрбие, үлгі - өнеге берудегі еңбектері өлшеусіз. Сіздер – жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еккен дәндеріңіз ертеңгі жеңісті – жемісті күннің кепілі.

Міне, осы ұстаздар мерекесіне арнап 27 қыркүйек күні М.Өтемисұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Мәдениет және өнер» факультетінің мәдени – тынығу жұмысы мамандығының 1-курс студенттері «Жанға жылу сыйлаған жарқын бейне» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Концерт жас ақын Меңдіқұлов Орынбектің «Ұстаздарға арнау» толғауымен ашылды. Концертте ұстаздарға арналған құттықтаулар жолданып, тамаша жан тебіренер әндер айтылды. Группа студенттерінен құралған «Және» жайдарман тобы көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады. Мың бұралған бишілеріміз «Бирма» биін ойдағыдай жеткізе білді. Концерт соңы факультет басшыларының және топ жетекшісінің құттықтау сөздерімен қорытыланды.

Құрметті ұстаздар! Сіздерді ұстаздар күні мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, сіздерге шығармашылық табыс, зор денсаулық, шәкірттеріңіздің жеңісі мен жемісін көрулеріңізге тілектеспіз. Қызығы мен шыңығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын!



Зарина ТАУЛИНА,
МТЖ мамандығының 1 курс студенті



Жүрегіміз түкпірінен ән қылып,
Шырқай оған айттық біздер тілекті.
Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік,
Тербетеді сезім менен жүректі

Айналдым Ұстаздарымнан!



айтқан. Ендеше бұл өмірде ұстаздықтан асқан киелі мамандық, ұстаздардан асқан даналар жоқ десек те болады.

Бірінші қазан Ұстаздар күні мерекесіне орай «Физика-математика» факультетінің Информатика кафедрасының тәрбие жұмысына жауапты жетекші, оқытушы Б.И.Жангированың және 3 курс (жеделдетілген топ), 4 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты кеш өтті. Кешке «Информатика» кафедрасының ұстаздары

және студенттер қатысты. Сахна шымылдығы «Ұстаздар күні» мейрамына орай арнайы 4 курс белсенділері және топ басшыларының түсірген құттықтау бейнеролигімен ашылды. Алғашқы болып құттықтау сөз алған «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, оқытушы Е.С.Айтиалиев әріптестерін төл мерекелерімен құттықтап, жүрек жарды лебізін білдіріп, ұйымдастырушыларға алғысын айтты. Кеш барысында факультетіміздің, университетіміздің өнерпаздары өз өнерлерін

ортаға салды. Осынау әдемі өрілген кешті аяқтау үшін қорытынды сөз алған «Информатика» кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент А.Б.Медешова барлық ұстаздардың атынан ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, әріптестерін мерекемен құттықтай отырып, кештің өте жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Кеш соңында 4 курс студенттері әрбір ұстазға арнап жазылған өлең жолдарын және естелік сыйлықтарын табыстады.

Өмір өрнектері өзгеше өрілген ұлағатты ұстаздардан көп нәрсені саңылауы бар санамызға сіңіре отырып, болашақта салықалы білікті маман иесі болып, тәуелсіз еліміздің еркін ұландарын тәрбиелеуде бар қажыр-қайратымызды жұмсауға қашан да дайын болайық дегім келеді. «Кімде-кім басқалар бақытты болсын деп, ғұмырын сарп етсе, оның жаны әсемдікке бөленіп, жұлдызы жана түседі», - деп, ұлы ұстаз А.Сухомлинский айтқандай, ұстаздар мәңгі жылулық пен парасаттың, шынайылық пен адамгершіліктің символындай.

Аса құрметті ұстаздар! Сіздерге шексіз алғысымызды білдіре отырып, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Халықтың нұрлы ертеңі үшін, ел игілігі жолында атқарып отырған еңбектеріңіз жемісті болсын! Шәкірттеріңіз еліміздің мәртебесін өсіріп, көсегесін көгертер асыл азаматтар болып өссін!

Үміт ЖӘҢГІРОВА,
«Физика-математика» факультетінің
«Ақпараттық жүйелер» мамандығының
3 курс студенті

Праздничное настроение

2 октября на факультете «Культуры и искусства» студенты 1 курса специальности «Вокальное искусство» и «Инструментальное исполнительство» поздравили своих преподавателей с Днем учителя, организовав вместе со своими кураторами У.А.Мынбаевой и Е.В.Федоровой праздничный концерт. В концерте приняли участие все первокурсники.



В честь преподавателей студенты А.Шакиров, М.Калиулова, Н.Туреахметова и др. исполнили песни «Ұстазым», «Дарите женщинам цветы» и др.

Праздничный зал студенты оформили красивыми шарами. Пожелания и поздравления в стихах исполнили А.Щербакова и К.Хват. Студентка Г.Казбаева подготовила юмористический астрологический прогноз для учителей на новый учебный год. Х.Логун исполнила на фортепиано «Каприччио» А.Бабаджаняна. В завершении праздника к пожеланиям и поздравлениям присоединился студенческий декан. Под звуки последней песни студенты подарили учителям цветы. Преподавателям было очень приятно такое внимание в преддверии профессионального праздника со стороны своих студентов. Первокурсники смогли подарить праздничное настроение и яркие эмоции.

Е.В. ФЕДОРОВА,
куратор 1 курса



Сенде бір кірпіш дүниеге



Ғалым да, шахтер де бас иетін, Ұстазым, бар сенің қасиетің. Білім берген, ой берген, ақыл берген, Көз алдымнан кетпейді асыл бейнең.

Шындығында, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» деп қалай дәл тауып айтқан. Ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ.

Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық.

Қиындығы да, қызығы да жетерлік, ең бастысы - жауапкершілігі жоғары мамандықтың бірі ұстаздық ету екені ақиқат. Елбасы Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, – деген еді.

Мен өзім қазіргі таңда «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курс студентімін. Бастауыш сынып мұғалімі болу мен үшін үлкен мақтан әрі бақыт. Өйткені бұл мамандық иелерінің мойнына ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие беріп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктелген.

«Ұстаздық- ұлы іс» деп көмеңгер жазушымыз М.Әуезов айтқандай, бұған

лайық болу – үлкен абырой, басты борышым деп есептеймін.

Осыдан бірер аптадан бұрын «Педагогика» факультетінде «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 06401 топ студенттері «Сен де бір кірпіш дүниеге» атты ұстаздар күні мен 1 курс студенттерімен кездесу кешін өткізді. Кездесу барысында студенттер өздері дайындаған концерттік бағдарламаны ұсынды. Студенттер өздерін жаңа қырынан таныта отырып, өлеңдер оқып, ән-жырдан шашу шашып, сахналық көрініс көрсетті. Шарамыз өте жоғары деңгейде өткізілді. Кешіміздің қонағы п.ғ.докторы, филология факультетінің деканы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы болды. Ұстаздар өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, студенттерге алғыстарын айтты.

Біз белгілі бір мамандық иесі атанып, өмір жолына енді ғана қадам басып отырған болашақ маман иелері осы уақытқа дейін білім беріп, тәрбиелеген ұстаздарымыздың сенімін ақтаймыз деген үміттеміз.

Лаура Ойлыбаева, педагогика факультетінің декан орынбасары, магистр,

Айгерім АМАНГЕЛЬДИ,
«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының
4 курс студенті Н.Ә.Назарбаев атындағы
атаулы шәкіртақы иегері

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары оқу орындарының қызметін жоғары білім берудің әлемдік үлгісіне сәйкестендіріп, академиялық ұтқырлықты қалыптастыру жүзеге асырылуға тиісті міндеттердің бірі ретінде көрсетілген. Жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігін құраушы дамыған алдыңғы қатарлы елдердің басты ұстанымы Болон декларациясының қағидаларын басшылыққа алу болып табылады. Бұл қағидаларға, жоғары білім берудің әлеуметтік бағыттылығын жүзеге асыру, жоғары білім беруде бәсекеге қабілеттілікті арттыру, бакалавриат-магистратура-докторантура сатыларынан тұратын өзара сабақтас академиялық білім беру жүйесін қалыптастыру, оқыту үдерісін кредиттік технологияның негізінде ұйымдастыру, оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіре отырып, білім алушылардың академиялық ұтқырлығына қол жеткізу болып табылады.

Ал академиялық ұтқырлық деген не? Бұл еліміздегі кез келген жоғары оқу орнында оқып жатқан білім алушының оқу орнын, оқу бағдарламасын, профессор-оқытушыны еркін



АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

таңдауына мүмкіндік беру, оқу кезеңінің аралығында білім алушының белгілі бір оқу бағдарламасын еліміздегі немесе шет елдегі жоғары оқу орнында игеруге жағдай жасау. Қазіргі таңда академиялық ұтқырлық екі бағыт бойынша жүзеге асуда. Сыртқы (халықаралық) және ішкі (ұлттық) академиялық ұтқырлық. Сыртқы академиялық ұтқырлық білім алушылардың шет елдердегі ЖОО-дарында оқуы, сонымен қатар зерттеуші-оқытушылардың шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерде жұмыс жүргізуін білдіреді. Ішкі академиялық ұтқырлық - білім алушылардың оқуы және зерттеуші-оқытушылардың қазақстандық ЖОО-да жұмыс істеуі. Ұтқырлықтың негізгі мақсаты білім алушыға өзі таңдаған мамандық бойынша көпжақты білім алуына мүмкіндік беру.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де сәтті жүзеге асырылып келеді. Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша университетіміздің студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамы жыл сайын жақын және алыс шетелдегі жоғары оқу орындарында семестрлік оқуда болып келсе, шетелдік ғалым профессор-оқытушылар біздің университетімізде дәріс оқып, студенттер білім алуда.

Сөзіміздің дәлелі, академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде 2014 жылдың қазан айында Германияның Пассау университетінің профессоры, философия докторы Томас Вюнш Тарих, экономика және құқық факультетінің студенттері мен магистранттарына сабақ жүргізді. «Халықаралық қатынастар»,

«Аймақтану» мамандығының студенттерімен қатар Тарих мамандығының 1 және 2 курс магистранттарына «Батыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі Ресей және Орталық Азия тарихы» және «Батыс деректері бойынша Шығыс Еуропалық аймақ тарихы және мәдениеті» курстары бойынша дәріс және семинар сабақтары өткізілді. Сабақтар ағылшын тілінде жүрді.

Магистранттарға өткізілген дәріс және семинар сабақтары барысында ғалымның зерттеу жұмысының аясындағы Шығыс Еуропа халықтарының тарихы бойынша танымал ғалымдардың неміс және ағылшын тілдеріндегі еңбектеріне талдау жасалды. Атап айтатын болсақ, Джон Хардердің славян халықтарының суреттемелері, Фрэнсис Палацкийдің Чехия тарихы, Герман Онкеннің ескі және жаңа Еуропа тұжырымдары, Томаш Масариктің «Жаңа Европасы», Роберт Барлеттің ортағасырлық Европаның қалыптасуы және т.б. талқыланды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқу процесін ұйымдастыру барлық жағынан ыңғайлы деп есептеймін. Шетелдік ғалымдардың осындай дәріс сабақтары студенттер мен магистранттардың білімдерін дамытуда өз септігін тигізгісіз. Бізге академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында зор мүмкіндіктер жасап отырған Дүниежүзілік тарих және ЭСП кафедрасы, ҚР тарихы кафедрасы ұжымына және университет басшылығына магистранттар атынан ризашылығымыз шексіз.

Б.М.МЫРЗАБАЕВА

Тарих мамандығының магистранты

Наши выпускники

Образование – это тот актив, который нужно постоянно поддерживать. Имея образование, ты ощущаешь свой статус, стиль и, находясь в обществе, чувствуешь себя более уверенно.

Как известно, инвестиции в образование возвращаются в многократном размере. Убедена, что благодаря именно образованию можно реализовать себя как личность, достигнуть профессиональных вершин на своем жизненном пути.



актуальными были такие дисциплины, как «Управление изменениями» и «Управление знаниями», которые нам представила Т.С.Щербакова. Педагогический состав, проводящий лекции и практику, отличался своим профессионализмом, свежестью взгляда на современные тенденции на рынке и душевным отношением к каждому студенту.

Благодаря удобному расписанию занятий была реализована возможность совмещения учебы и работы. Приятно осознать, что за два года обучения приобретены новые полезные знания в изучении инновационных методик в исследовательской деятельности, формирования лидерских качеств, профессиональной культуры, а также индивидуальной креативности. Учеба в магистратуре дала моему образованию необходимую законченность и завершенность.

Выбранный мною профиль обучения позволил изучить тот вопрос, который непосредственно связан с моей трудовой деятельностью, а именно - конкурентная среда на книжном рынке, конкурентное преимущество с применением в компании процессного управления. Работа над этой темой стала не только магистерским диссертационным исследованием, а также была внедрена в деятельность компании, где я работаю.

От всей души хотелось бы поблагодарить за высокое мастерство и профессионализм

Будь готов использовать свой шанс!

Я верю в форуну и успех, и уверена, что они стучатся только в двери к амбициозной, целеустремленной, любознательной и трудолюбивой личности. Удача – это постоянная готовность использовать данный тебе шанс.

Череда необычайных событий привела меня на магистерскую программу по направлению «Общий и стратегический менеджмент», созданную на базе Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова и Российского университета дружбы народов, реализуемая силами профессорско-преподавательского состава РУДН и ЗКГУ.

Получив основное высшее образование в области журналистики, я и подумать, не могла, что продолжу свое образование в одном из лучших вузов России.

С первых дней обучения на магистерской программе, помимо основополагающих общих предметов нам предложили интереснейшие узкоспециальные дисциплины в области конкурентоспособности, антикризисного менеджмента, а также логистической деятельности. Очень полезными и

весь преподавательский состав магистратуры и пожелать им всем крепкого здоровья, благополучия, карьерного и профессионального роста и достижения успеха в научной деятельности. Приятно осознать, что теперь есть возможность в будущем рассчитывать на внимание, совет и продолжение сотрудничества в лучших традициях западной системы тьюторства преподавателей РУДН и ЗКГУ.

Анализируя последовательность событий и обстоятельств последних двух лет, я понимаю, что они вполне закономерны, и это новый, важный этап на пути моей самореализации и профессионального роста. Напоследок хотелось бы процитировать Виктора Гюго: «Дерзайте! Ценой дерзаний достигается прогресс. Все блистательные победы являются в большей или меньшей степени наградой за отвагу».

Сабина АБАТОВА,

выпускница 2014 г. магистратуры

*«Общий и стратегический менеджмент»
РУДН (г. Москва) при ЗКГУ им. М.Утемисова*

АРМАНДАР ОЫНДАЛАДЫ

«Армандар орындалады» атты мақаламда барша жастарға қандай да жағдайда болсаң да мақсат қойып, сол мақсатыңа жету үшін алға талпынсаң және жігерлі болып үмітінді үзбесең алынбайтын қамалдың болмайтындығын айтқым келеді. Өзімнің өмірімнен мысал келтіретін болсам, мені кім ойлаған, тіпті өзім де ойлаған емеспін, мен магистрлік дәрежемді Ұлыбританияда аламын деп, Лондонда тұрамын деп. Бұл менің 4 жыл бұрын түсіме де, ойыма да кіріп шыққан емес.

4 жыл бұрын жаңалықтардан Болашақ программасымен Лондонда оқып жатқан студенттер туралы хабарды көріп, мен де Лондонда оқып жатқан студенттер сияқты шетелден жоғары білім алсам ғой деп сол бағдарламаны көріп отырып армандағам. Ол кезде мен бастауыш сынып мұғалімі болып Ж.Молдағалиев атындағы №2 ЖОББМ жұмыс істейтінмін. Сондықтан бұл арманым орындалмайтын болды ғой деп ойлағам. Өйткені ол кезде (мамыр айы, 2010 жыл) Болашақ программасына түсу үшін мектеп мұғалімдеріне арналған ағылшын тілі емтиханынан жеңілдіктер болмаған еді. Бірақ та мен арманымнан қол үзбедім. Ағылшын тілінің курсы Business IQ-ге бардым (basic and elementary level) бір күні шетелге барам деген мақсатпен. Ол кезде шетелді көру мүмкіндігі менде болмады, бірақ та мен бәрі бір, бір күні Ұлыбританияға және басқа да мемлекеттерге барамын деп сол арманымның орындалатынына сендім. Сөйтіп, тамыз айында (2 айдан кейін) Орал қаласында 45 мектеп болса (2010 жылы), солардың барлығынан Болашақ программасына оқуға түсіп, шетелде білім алам деушілердің тізімі жинастырылды. Мен жазғы демалыста болғандықтан және қалалық білім беру бөліміне мұғалімдердің тізімі шұғыл керек болғандықтан, Ж.Молдағалиев атындағы №2 мектептің атынан бастауыш сыныптың оқу-ісінің орынбасары Бажикова Үміт Дүйсенғалиқызы: «Мен Әселге сенемін, ол шетелден магистр бөлімінде оқи алады» деп менің аты-жөнімді жазып жіберген болатын. Мен ол хабарды естісімен қуанып бірден құжаттар дайындай бастадым. Сөйтіп, ағылшын тілінің көрсеткіші төмен болса да (elementary level) мен IELTS-қа 1,5 ай дайындалып қажетті 4 балын жинап, содан кейін барлық қалған емтихандардан сәтті тапсырып, 16-наурызда 2011 жылы Болашақ халықаралық бағдарламасының стипендиаты атандым. Өкінішті нәрсесі сол, 45 мектеп мұғалімінен тек қана менімен қосқанда бір мұғалім ғана құжаттарды тапсырып, тек қана мен жалғыз мұғалім 45 мектептің ішінен емтихан тапсыруға барған болатынмын. Қалған 44 мұғалім берілген мүмкіндіктен бас тартты. Астана, Алматы, Қарағанды және Шымкент жастары болса, берілген мүмкіндіктерді пайдаланып, мұндай мүмкіндіктер (ағылшын тілі емтиханынан жеңілдік) берілмесе де, олар өзбеттерімен (ешқандай жеңілдіксіз) тапсырып жатқандар да болды. Олар өзбеттерімен Болашақ бағдарламасымен шетелде оқу жолдарын қарастырып талпынып жатты. Ал Орал жастарының сол Алматы, Астана және Шымкент жастарынан қандай айырмашылығы бар? Өлде олар Оралдың жастарынан білімдірек пе? Әрине жоқ. Өйткені мен де сол осы Орал жастарының біреуімін. Оралдың жастары неге жасқаншақ? Неге Астана, Алматы, Қарағанды және Шымкент жастары сияқты пысық болмасақ? Мен түскен жылы (2011) 500 стипендиаттың ішінен тек саусақ пен санап аларлықтай санаулы Оралдықтар ғана Болашақ бағдарламасына оқуға түскен болатын, ал қалған көпшілігі сол Оңтүстіктің жастары болатын. Үш жыл ішінде жазғы демалысқа келгенде бірге оқыған дос қыздарыммен арасында кездесетінбіз. Сол кезде мен сол дос қыздарымға осы сұрақтарды қойғанымда: «Әсел, мен тәуекелге баратын сен емесің»-деді. Бірақ неге тәуекелге бармасақ, неге тапсырып көрмесек? Мүмкін бағыңа орай ойламаған жерге түсіп кетерсің? Ол да мүмкін ғой. Мысалы, менің Алматылық дос қызым (Англияда докторантурада оқып жатыр) Болашақ бағдарламасына түсу үшін 3 рет 3 жыл бойы емтихан тапсырып, тек 3-ші рет тапсырып барып, Болашақ иегері атанды. Сонымен қатар, емтихан тапсырып жүрген кезімде, бір Шымкенттік жігітпен таныстым. Ол да екінші рет тапсырып жатқан болатын. Сөйтіп ол екінші рет тапсырып барып Болашақ иегері атанды.

Оқуға түскен кезімде 1-сыныптан бастап қабылдап алған оқушыларым 4-сыныпты бітіріп жатты. Сөйтіп, оқушыларымды 5-сыныпқа шығарып салып, Лондонға жол тарттым. Арманымның орындалатынына өте қуанышты болдым. King's College London-да бір жыл жалпы ағылшын тілін, University College London (UCL) Лондонда академиялық ағылшын тілін университетке дайындық курсынан өттім. IELTS-тің қажетті балын жинап, Ноттингем университетінің магистратура бөлімі «Білім беру бөлімін басқару» мамандығына қабылдандым. Ата-анамның, маған үміт артқан адамдардың, Үміт Дүйсенғалиқызының «Мен саған сенемін» деген үміттерін ақтап үш жылдан соң үйіме қайтып оралдым. Қазіргі таңда БҚМУ-нде консультант-аудармашы болып Болон процесі орталығында жұмыс істеймін. Бұл жұмыста мен сияқты шетелде білім алам деушілерге көмектесемін.

Болашақ бағдарламасы тек шетелдік білім алуға мүмкіндік берген жоқ, сонымен қатар Испания, Франция, Шотландия, Ұлс және Доменикан Республикасына барып демалуға, басқа ұлт өкілдердің мәдениетімен, тілімен танысуға мүмкіндік берді. Қазір енді менің әр түрлі мемлекетте достарым бар: Қытай, Жапония, Венесуэлла, Ганна және Еуропа елдері.

Менің басқа жастардан ешқандай айырмашылығым жоқ, болса да ол тек мақсат қойғыштығым мен табандылығымда. Ағылшын тіліне келетін болсақ, қазір неше түрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ағылшын тілін тез үйреніп алуға болады. Ал білімге келетін болсақ, білім инемен құдық қазғандай оның шетіне жете алмайсың. Сол себепті мен шетелде білім алғанмен, білерімнен әлі үйренетінім көп деп айтар едім. Орал жастары менің жасағанымды да әрине жасай алады немесе одан да керемет жетістіктерді жасай алады. Өйткені армандар орындалады. Барлығы да өздеріңіздің қолыңызда.

Әсел НЫҚБАЕВА,

Болон процесс орталығының консультант-аудармашысы

Перспективы современной лингвистики

Магистрант первого курса ЗКГУ им. Махамбета Утемисова Елена Зубкова приняла участие в научной конференции с международным участием «Эволюция и трансформация дискурсов: языковые, филологические и социокультурные аспекты», организованной филологическим факультетом Самарского государственного университета. Конференция была посвящена обсуждению исследований дискурса, его эволюции и трансформации, на материале английского и немецкого языков.

Столь масштабная научная конференция международного формата была приурочена к 40-летию юбилею появления в СамГУ зарубежной филологии как специальности. Нашей магистрантке представилась великолепная возможность обменяться опытом с исследователями из ближнего и дальнего зарубежья.

Своими впечатлениями от поездки, научными открытиями и планами на будущее молодой лингвист поделилась с нашим корреспондентом.

- Как вы узнали о конференции?

-О том, что в скором времени в Самаре будет проходить международная научная конференция, мне сообщил мой научный руководитель Абуханова Алма Габдрахимовна. К нам на кафе-дру пришло информационное письмо, и Алма Габдрахимовна предложила мне поучаствовать в этой конференции. Требовалось выслать резюме с тезисами (от 2-х до 10-ти страниц). Так как мы с моим научным руководителем уже давно занимаемся проблемами Интернет-дискурса, для меня не составило труда выполнить зада-ние. В своей работе мы изучаем особенности возникновения и функ-ционирования английских фразеологизмов в Интернет-дискурсе.

-По каким критериям проходил отбор участников?

-Среди приглашенных к участию в конференции лингвистов я была единственным представителем из Казахстана, что, естественно, добавляло ответственности. Кроме меня, были представители ряда российских вузов, а также исследователи из Польши, Словении, Германии. Многие приняли заочное участие, то есть отправили свои работы для публикации в сборнике. Подать заявку мог как молодой ученый, так и титулованный профессор, конкурсный отбор проходил исключительно по предоставленным

тезисам. Организаторы конференции отметили грамотность подачи моего доклада, к тому же он вызвал у них оживленный интерес. К слову, других докладов на подобную тему на конференции не прозвучало, и профессорско-преподавательский состав отметил оригинальность и актуальность нашей работы.

-Как проходила конференция и что необычного вы отметили для себя?

-В первый день, как обычно это происходит на конференциях, был организован заезд участников и регистрация. После этого можно было посетить книжную выставку в научной библиотеке СамГУ, где были представлены отечественные и зарубежные дискурсивные исследования. Затем нас поприветствовал ректор Самарского университета, пожелав плодотворного участия в конференции и новых научных открытий. После приветственного слова началась работа секций по четырем направлениям. Для меня было немного неожиданно и в то же время приятно, что мой доклад включили в секцию, на которой выступали доценты и профессоры, хотя я предполагала, что меня включат в секцию молодых ученых (магистрантов и аспирантов). Это было и волнительно, и почетно одновременно. Наша секция работала два дня. В первый

Оған дәлел - академиялық ұтқырлық бойынша дәріс оқуға келген Қалмақ мемлекеттік университетінің Биология және педагогикалық білім беру факультеті деканы, п.ғ.к., доценті Кекеева Зинаида Очировна. Ғалым 2014 жылдың 27 қазаны мен 8 қарашасы аралығында 1 курс «Психология» мамандығының студенттеріне «Қазіргі заманғы практикалық психология» пәнінен оқып, шеберлік кластарын ұйымдастырып, мол тәжірибесімен бөлісті. Біздіңше, бұл М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ректоратының біздерге, яғни І курс магистранттарына берген зор мүмкіндігі деп есептейміз.

Тәжірибелі ғалымның дәріс сабақтарын меңгеру нәтижесінде жаңа технологиялар мен озық әдістемелерді табыспен меңгеруге, ақпараттық технология құралдарының зор мүмкіндіктерін психолог маман ретінде кәсіби деңгейде сауатты



мол тәжірибе деп нақты айта аламыз.

Тәжірибелі психолог, әр істі жауапкершілікпен атқаратын, ізденімпаз, еңбекқор жан Зинаида Очировнаға зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілей келе, Қалмақ мемлекеттік университетімен арадағы қарым – қатынас өзара тығыз байланысқа жалғасып, бірлескен жұмыстарымыз өз нәтижесін тауып, үлкен белестерден көрінсін дегіміз келеді.

Қорыта келе, біз өз тарапымыздан, «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, осы магистратурада білім алу барысында меңгерген барлық білім, білік, дағдыны пайдаланып, құзыретті маман ретінде өзімізді жүзеге асыра аламыз деген сенімдеміз.

Г.К. КУБАШЕВА,

6М050300 - «Психология» мамандығының І курс магистранты



Бүгінгі таңда еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев отандық білім берудің алдында жоғары талап қойып отыр.

Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіні белгілі. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін полимәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқы ассамблеясының 12 сессиясында «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең болмағанда үш тілді білуі тиіс, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлей алуы керек» деп, Еуропа

Германиялық ғалым университетімізге

елінің студенттері бірнеше тілді меңгеріп, сол тілдерде еркін қарым-қатынас жасай алатындығын атап өтті. Сондықтан үш тіл білу – қазіргі заман талабы.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп, дамиды, әр ұлттың тілі – оның бакыты мен тірегі.

Сондықтан, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау керек, яғни полимәдениетті тұлға қалыптастыру керек.

Білім берудің маңызды стратегиялық міндеті бір жағынан үздік қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білім жетілдіру, ең негізгісі мемелкеттік және шет тілдерді қамтамасыз ету болып табылады.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында Н.Назарбаев «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынды. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі –ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», -деген болатын І.

Біздің университетіміз, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, осы Жолдауды қолдай отырып, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетел ЖОО-мен байланысын одан әрі дамытты. Германияның Пассау Университетімен байланысымыз нығайып, «Тарих» және «Шет тілі» кафедрасының магистранттарына «Еуропалық сәйкестілік»

атты пәннен дәріс оқуға Пассау университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Томас Вюнш келді.

Томас Вюнш 1962 жылы Баварияның Ландсхут қаласында дүниеге келген. 1982 жылдан 1986 жылға дейін Регенсбург университетінде білім алып, одан әрі білімін жалғастырып, осы университетте 1997 жылы философия ғылымдарының докторы атағын алды.

Біздер, магистранттар, қазан айының 20-ы мен қараша айының 1-і аралығында 6М011900 - «Шет тілі:екі шет тілі», 6М011400 - «Тарих», 6М020300 - «Тарих» мамандығының магистранттары «Еуропалық сәйкестілік» пәнінен Томас Вюнш мырзадан дәріс тыңдадық. Дәрісті ағылшын тілінде жүргізді. Дәрісте славян халқы, тұрмыс – тіршілігі, тарихы, білім жүйесі және саяхатшылардың Еуропа елдеріне деген көзқарастары туралы біраз мәліметтерді білдік. Дәріс кезінде әр магистрант сабаққа қатысты өз пікірлерін білдіріп, бір-бірімізден дәріске қосымша ақпарат алмасып, сабағымыз қызықты өтті. Осы дәріс соңында сол пән бойынша ауызша түрде емтихан тапсырдық.

Біз үшін Германияның алдыңғы қатарлы университетінің профессорынан дәріс тыңдаған – үлкен мәртебе. Бізге осындай шетелмен байланыс орнататын білікті ұстаздардың дәріс оқуы студенттерге, магистранттарға көп пайдасын тигізеріне сенімім мол. Алдағы уақытта алған білімімізді өзіміздің ғылым жолында қолданатынымызға күмөнім жоқ. Сондықтан да біздің университетімізде осындай шаралар өз жалғасын тапса, «нұр үстіне - нұр» болар еді.

Әлмира ТУРГАЛИЕВА,

6М011900 - «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 1 курс магистранты

Уважаемые преподаватели!

У вас появилась уникальная возможность расширить круг собственных возможностей и получить бесплатный тестовый доступ к электронным научным журналам Nature в период с **1 ноября 2014 г. по 1 декабря 2014 г.** Всю информацию Вы можете найти на научном портале www.pauka.kz, либо обратиться в электронный читальный (102 ауд., гл. корпус).

Nature Publishing Group (NPG)- дочерняя компания «Macmillan Publishers Ltd», международного издательства, основанного в Великобритании в 1843 и представленного в настоящее время в 70 странах мира. Издательство NPG образовалось в 1999 году в результате слияния отдела научной периодики компании Macmillan (журнал Nature и др.) и издательства NPG (бывшее издательство Stockton Press), публиковавшего ведущие научные медицинские, научные и технические журналы.

Главным и наиболее известным журналом, выпускаемым NPG, является Nature — еженедельный междисциплинарный научный журнал, издаваемый с 1869 года. В число других издаваемых журналов входит серия журналов Nature (Nature Physics, Nature Photonics ит. д.), серия обзорных журналов Nature Reviews, включающая серию биологических журналов и серию журналов, посвященных клинической практике в различных разделах медицины (бывшая серия Nature Clinical Practice), ряд академических журналов, а также научно-популярные журналы Scientific American и Scientific American Mind.

Nature - один из самых авторитетных общенаучных журналов США, публикующих исследования широкого спектра вопросов, в основном естественно-научной тематики. В настоящее время является наиболее цитируемым в мире научным журналом, импакт-фактор (согласно JCR, 2013) равен 42.351.

Каждую неделю журнал Nature публикует бесплатный аудиофайл, в котором представлены наиболее интересные материалы в новом выпуске Nature, в частности интервью с исследователями и аналитические статьи журналистов, которые освещают научные события во всем мире. Выпускаются также мультимедийные файлы, сделанные под заказ. Поток видео - производится для избранных статей и писем, присланных в журнал Nature. В них в видеоформате представлены дискуссии, аналитические обзоры и интервью с исследователями.

Сайт nature.com использовал поисковую систему Google Earth для отслеживания распространения вируса птичьего гриппа H5N1. За эту инициативу в 2006 г. сайт был удостоен награды Британской ассоциации сетевых издателей Association of Online Publishers (AOP) 4Use of a New Digital Platform'. Дневники (Blogs), расположенные на сайте nature.com, образуют форум, в котором пользователи могут прокомментировать последние новости, обсудить посещенные семинары или конференции, получить консультацию по поводу публикации в журнале Nature и т.д. Elucian Islands- дом NPG в виртуальном мире Second Life, в котором хранятся материалы о научных конференциях длящихся проектах и регулярных мероприятиях. Ежемесячно на сайте nature.com осуществляется около 1,5 миллионов поисков.

Доступ из дома


Наша библиотека с 01.02.2010 имеет полный доступ (по IP-адресам) к базе данных Polpred.com Обзор СМИ.

ООО «ПОЛПРЕД Справочники» предлагает к вашим услугам «Доступ из дома» - кнопка сверху экрана на **Polpred.com**. Вы можете сами зарегистрировать себя по данной кнопке и заходить с любого мобильного устройства к собственным закладам и результатам работы на polpred.com.

Всю информацию Вы можете найти на **Polpred.com**, либо обратиться в электронный читальный зал (102 ауд., гл. корпус).

«XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана»

Н.Ә.Назарбаев

**Ардагер ұстаздарымен кездесу**

Кітапхана ісі мамандығының жанынан ашылған «Сырлы парақ» үйірмесінің ұйымдастыруымен кітапхана ісі мамандығының ардагер ұстаздарының студенттермен кездесуге және 1 курстарды қатарға қабылдауға арналған «Өткеннің өнегесімен болашаққа аттанайық!» атты шағын мерекелік кеш өткізілді.



Кешке арнайы шақырылған кітапхана ісінің ардагер ұстаздары Алтаева Құттықыз Айтбаевна мен Абсәлямова Фарида Кабировна, Коленко Ирина Михайловна ерекше құрметке ие болды.

Ардагер ұстаздарымыз өз естеліктерімен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді. Кеш еркін сұхбат, ашық әңгіме негізінде басталып, кітапхана ісі мамандығының студенттері ұйымдастырған шағын мерекелік концертпен жалғасын тапты. Сонымен бірге ардагерлеріміздің еңбек жолынан хабар беретін слайд пен жатақхана өмірінен хабар беретін

қызықты бейнеролик көрсетілді. Кеш соңында университет ұжымынан арнайы шақырылған «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы М.И.Исатаев, университеттің ғылыми кітапханасының директоры Т.Е.Алибекерова және кітапхана ісі мамандығының оқытушысы М.А.Насырова құттықтау сөз сөйлеп, үйірме жетекшісі С.М.Сатағалиеваға өз алғыстарын білдірді.

Жамал ЖУМАГЕРЕЕВА,
«Кітапхана ісі» мамандығының
4 курс студенті

Менің Қазақстанның болашағына қосар үлесім

Дүниеге келген әр пенденің сол сәттен бастап туған жеріне, отанына деген махаббаты оянады. Оның отанына деген махаббаты анасының ақ сүтімен, әкесінің қанымен бойға дариыды. Ол сәби түрлі-түрлі кезеңдерден өтіп, ержетіп, бойжетіп, бірте-бірте алдына мақсат қойып, үлкен өмір баспалдағына аяқ басады. Әрбір баспалдақты аттай берген сайын оның мақсаты айқындала түседі. Осылай дүниеге келген әрбір қазақ азаматы мен азаматшасының мақсаты бір деп ойлаймын. Ол - өз елінің өркендеп, болашағының дамуына үлес қосу деп түсінемін.

Бұғанасы қатпаған жас баладан бастап еңкейген қартқа дейін қоғамға үлес қосары анық. Кішкентай бүлдіршін мектепке барып, үздік оқу арқылы мемлекетке үлес қосады. Мектепті бітіріп, алтын ұядан ұшқалы жатқан жас түлек те мектебінің мерейін асырып, сыннан сүрінбей өтіп, жоғары оқу орнына түсіп, өмірден өз орнын табады. Жоғарғы оқу орнын бітірген жігіттер мен қыздар жұмысқа орналасып, елінің дамуына септігін тигізеді. Ал көрі адамдардың жас ұрпаққа тәрбие беру арқылы қоғаға тигізер көмегі мол. Менің мұны айтып отырған себебім – белгілі бір істі арнайы атқарып қоймай, әр осындай кезеңнің осындай міндеті бар екенін ұқтырғым келеді. Осындай өзіндік міндеттерді атқара отырып қоғамға үлес қосуға болады. Тіпті қоғамда қол-аяғы балғадай, дені сау азаматтар түгілі, денесінің бір бөлігінен айрылған, мәңгілік төсекке таңылып қалған адамдар да,

жарық дүниені, нұрлы сәулені көре алмайтын зағип жандар да, біз естіген дыбысты, біз естіген әуенді ести алмайтын мүгедек жандар өмірге құштарланып, өмірден өз орнын тауып, қоғамға үлес қосқысы келеді. Біз оларды қоғамнан шеттетпей, армандарын жүзеге асыра білсек қоғамға үлес қосқанымыз болмай ма!

Менің мақсатым өте қарапайым, бірақ қоғамда зор белең алған мәселе болып табылады. Өзімнің мамандығым «кітапхана ісі» болғандықтан, әрине не туралы айтып отырғаным тайға таңба басқандай анық. Мен қоғамдық кітапханаларды жас оқырмандарға толтырғым келеді. Қазіргі жастар дайын асқа тік қасық болуға әбден еттері үйреніп кеткен. Өз беттерімен ізденіп талаптанбай, көгілдір экран алдына отырып алатыны бәрімізді алаңдатады. Заман талабына сай солай болуы керек шығар, дегенмен де ғаламтордан тек өзіне керекті мәліметті ғана алып, қалған уақытта қолыңа бір жазушының шығармасын алып, кейіпкерлердің әрбір іс-әрекетін көз алдыңа елестетіп, мың түрлі күйге бөленіп оқығанға не жетсін!

Ақындықтың асқар шыңы болған Абай да, серіліктің серкесі болған ақан сері, Біржан сал да, жазушылықтың жоғарғы сатысында тұрған Ғабит, Сәбит, Мұхтар, тағы басқа жазушылар да, сахнаның саңлағы болған Шәкен де теңіздің тереңінде, асқар таудың шыңында тұрған жалғыз асыл қазынаның арқасында үлкен белестерге қол жеткізіп, талай-талай асуларды бағындырды. Әрине, сол қазына дегеніміз

Ризамын таңдауыма

Мамандықтар көп болса да
Сан салаға бөлінетін.
Кітапхана ісінен де
Мәртебелі көрінетін
Ризамын таңдауыма.
Талай ойшыл, ғұламаға
Тәлім берген кітап қана.
Бар әлемнің жиған терген
Білімі тек кітаптарда.
Мен маманмын хабары бар
Бар әлемнің тынысынан.
Тарихшы мен тәрбиеші
Менеджердің жұмысынан.
Алыс емес мына бізден
Іс-қағаздар ауылы да.
Компьютерлік бағдарлама
Жасайтындар қауымы да.
Айта берсем толып жатыр
Біз зерттейтін ғасыр, ғалам.
Біз әмбебап мамандармыз
Әлі сыры ашылмаған!

Жамал ЖУМАГЕРЕЕВА,
«Кітапхана ісі» мамандығының
4-курс студенті

Объявление

Научная библиотека с 17.10 – по 17.11. 2014 г. получила тестовый доступ к издательским коллекциям электронно-библиотечной системы Издательство «Лань».

Для работы с ЭБС Вам необходимо зайти на сайт www.e.lanbook.com с любого компьютера вуза, подключенного к сети.

Вам доступны следующие возможности:

Книги:

Математика
Физика
Химия
Биология. Экология
География
Экономика и менеджмент
Право. Юридические науки
Языкознание и литературоведение
Психология. Педагогика
Музыка и театр
Искусствоведение
Библиотечно-информационная деятельность
Социально-гуманитарные науки
Художественная литература

Журналы:

Журналы
Математика
Физика
Инженерно-технические науки
Ветеринария и сельское хозяйство
Лесное хозяйство и лесинженерное дело
Информатика
Химия
Биология. Экология
Медицина
Экономика и менеджмент
Право. Юридические науки
Языкознание и литературоведение
Психология. Педагогика
Музыка и Театр
Искусствоведение
Социально-гуманитарные науки
Технологии пищевых производств
Физкультура и спорт

Всю информацию Вы можете найти на сайте www.e.lanbook.com, либо обратиться в электронный читальный (102 ауд., гл. корпус).

— кітап. Жастар тек ғаламтор желілерінде отырып қана қоймай, бір шығарманың құрттай үзіндісін түсіне білсе, сезіне білсе, дағдыға айналдырса жаттығып кетер еді. Бірақ бұл тек теңізге қосылған тамшы ғана. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дегендей, бұл тек бір ғана жанның қолынан келер іс емес. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ, Қазақстанның алдыңғы қатарлы елдерге жетіп, тіпті, асып түсуі әбден ықтимал.

Бұл менің алтын ұя мектебіммен қоштасып, елімнің дақын шығару үшін алғашқы алдыма қойған мақсатым. Болашақта әлі талай-талай істі жүзеге асыратыныма кәміл сенемін.

Надира МУФТИГАЛИЕВА,
«Кітапхана ісі» мамандығының
I курс студенті



■ Ана тілім – арым, абыройым

Тіл мейрамы - ой орамы



Ел ертеңі – тұғырлы тілінде. Ал бүгінгі ұрпақ - ана тілімізді асқақ санаған арландай адуынды, найзаға үкі таққан намысты елдің көзі ашық, көкірегі ояу жалғасы. Кезінде кемеңгер халқымыз төл тіліміздің туын тым биікте ұстаған. Түрлі даму сатысынан өте туған тіліміз тарих беттерінде әр алуан тербеліске ұшырады. Отансүйгіш жастарымен берік елге айналу барысындағы еліміз, Елбасы Жолдауында айтылғандай , қазақ тілінің 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналарына сеніммен қарайды. Үкілеген үмітіміз жастар десек, қазақ тілін қастерлейтін ұл-қыздар барда сенімнің шырағы сөнбейді.

22қыркүйек- Тілдер мерекесі. Осыған орай университетіміздің филология факультеті студенттерді патриоттыққа баулу мақсатында *«Тіл – Тәуелсіздік тірегі» онкүндігін* өткізді. Қыркүйек айының 19-30-ы аралығында ұйымдастырылған ауқымды шараға қазақ, орыс, ағылшын бөлімдерінде оқитын студенттер белсене қатысты. Аталмыш шараның тұсауы қоғамның көрнекті тұлғаларымен жүздесумен кесілді. М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ ректоры, академик *Иманғалиев Асхат Сәлімұлы* сөз алып, шара шымылдығын ашып берді.

Өлеңді нақышына келтіре оқуға кез келгеннің мүмкіндігі жете бермейді. Біздің филология факультетінде көркем сөздің

хас шеберлері баулында. Сондай- ақ олар осы өнерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылатын шаралардың барлығына дерлік қатысады. Бұл жолы кезекті *«Тіл-байлығым» атты мәнерлеп оқу сайысы* үздіктерді анықтап берді. Жастар ана тілімізге арналған түрлі өлеңдер топтамасымен тәнті етті. Сайыс нәтижесі бойынша, **Н.Қайырова** (*«Филология: қазақ тілі» мамандығы, 02105-топ*) 1 – орын, **С.Сағатова** (*«Шетел тілі: екі тілі» мамандығы, 03102-топ*), **М.Аманғосовалар** (*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 02102-топ*) 2- орын, **Т.Абилов** (*«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы, 03303-топ*), **Г.Төребековалар** (*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 02102-топ*) 3-орынды иеленді.

Адамның интеллектуалдық тұрғыдан жоғары болуы жан-жақтылықты жетілдіреді. Аса қырағылық, тапқырлық, ізденгіштік қасиеттерді ұштау үшін осыған сай сан алуан сайыстардың орын алғандығы жөн. Осы бағытта шет тілінің болашақ мамандары онкүндіктің үшінші күнін жалғастырды. *«Best English Learner» интеллектуалдық ойынын* оздырған олар да мемлекеттік тіліміздің мерейін өсіруге ұмтылатындарын дәлелдеді. Қызыққа толы болған ойын өз белсенділерін жариялады. Нәтиже бойынша **Г.Дәулет, Ж.Ниязбаева, Ә.Жігерова, С.Есенгазиева, Э.Сүндетова, Ә.Қуанаева, С.Абдуллаева, А.Арыстанғалиева,**

А.Махимова (*«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы, 03103-топ*) сынды студенттер қауымы ойынның көрігін қыздырды.

Сөзді әсерлі әрі әдемі, көркем әрі сауатты жазу - филология факультетінің студенттеріне тән қабілет. Іштен пайда болатын тұлғаның туындысы бағалы дүниеге барабар. Онда өзіндік пайым, сезім, құнды пікір мол. Бұл жолы филологтар орталарынан үздік шығарма шеберін анықтау мақсатында *«Дружат языки-дружат народы» тақырыбында эссе байқауын* ұйымдастырды. Тіл туралы ой қорытып, ойын қағаз жүзінде жарысқа салған жастар ішінде **А.Аметова** (*«Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы 03103-топ*), **А.Нұрсұлтанова** (*«Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы», 02101-топ*), **Л.Петрушкевич** (*«ОТОМОТӘ» мамандығы, 03309-топ*) сынды қаламгерлер үздік эссе авторлары атанды.

Онкүндіктің бесінші күні кең көлемде қамтылып, ардақты ақын, тіл жанашыры Ақұштап Бақтыгерееваның 70 жасқа толу мерейтойына арналған *республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясымен* ұласты. Жиынға жан-жақтан Жайықтың жыр алыптары мен үлкен тұлғалар қатынасты.

Ақын - әдебиеттегі ұлы есім. Жүректен шыққан жырлары қашан да тыңдар құлақ арқылы жүрекке жол табады. Шығармашылықтың шыңына ұмтылған жас дарындардың көп болғанына не жетсін! Сөздің майын тамызған «сен тұр мен атайын» тұрғысындағы ақындар университеттен түлеп ұшып, қазір де көпшілікті тамсандыруда. Солардың жолына қараған ізбасарлар бүгін де оттай лаулауда. Онкүндіктің келесі күнінде қазақ филологиясы студенттерінің қатысуымен *«Жырым саған арналар, Туған тілім!» атты жас ақындар мұшайрасы* өткізіліп, талантты ұл-қыздар жүрекжарды жырларын жұртшылыққа жария етті. Қорытынды бойынша, **А.Шығыров** (*«Филология: қазақ тілі» мамандығы, 02105-топ*) жеңімпаз атанса, **А.Есенгелді** (*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 02101-топ*), **Ә.Қ.Алимов** (*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 02101-топ*) 2-орын, **А.Зинелова** (*«Филология: қазақ тілі» мамандығы, 02104-топ*), **Р.Батуовалар** (*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 02201-топ*) 3-орын жүлдегерлері атанды.

Елбасы жариялағандай, бүгінгі және болашақ қазақ азаматтары мен азаматшаларының төл тілімізбен қоса, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі – жаңашылдыққа толы әлемдік сахнада еліміздің дамуы үшін қажетті нәрсе. Үш тілдің сырын білген жерде қалмасы анық. Осы бағытта *«Тілдердің ұштұғырлығы» презентациялар байқауы* өткізілді. Қатысушылар бақтарын сынаған соң, сайыс жүлдегерлерін жіктеді. **Р.Нұржанова** (*«Филология: қазақ тілі» мамандығы, 02104-топ*) 1-орын, **С.Қаденова** (*«Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы, 03201-топ*), **М.Ғабдрешовалар** (*«ОТОМОТӘ» мамандығы, 03306-топ*) 2-орын, **З.Ықсанова** (*«Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы, 03102-топ*) 3-орынды қанжығаларына байлады.

«Тәрбие басы – тіл» ұнқағаздар сайысында оқу ордамыздың белсенді студенттері тіл төңірегіндегі ой-пікір, мазмұн, идеяларымен бөлісті. Аталмыш шараның түйінді күні *«Тіл қадірін білмеген, ел қадірін білмейді» атты әдеби-музыкалық монтажға* ұласты. Тіл онкүндігін саралай келе, филология факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор *Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы* шара қорытындыларына тоқталып, белсенділік танытқан оқытушылар мен студенттерге алғыс білдірді. Тағылымды шараға үлес қосқан барша студенттер арнайы сертификаттарға ие болды.

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, халықтың жаны. Мәңгүрттіктің басы өз тілін тәрк етуден басталады, халықтың кескін-келбеті саналатын тілімізді ұлықтау – басты міндет. Ол үшін ең алдымен, *«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген Президент сөзі* ұстаным болуы шарт. Тіліміздің құнарлығын сұйылтпай, ананың сүті, әкенің қаны арқылы дарыған қазынамызға құрметті арттыра түсейік, құрбылар!

Мөлдір ЛАТИФОВА,
«ФҚТ» мамандығы, 02205-топ

■ Жырым сенсің, Туған ел!



Ассалаумағалейкүм, ірі жандар!
Бармысыздар «филфактағы» жыр ұғарлар.
Тілдердің мерекесі құтты болсын,
Қасиетін өз тіліңнің бүгін аңғар...
Қараңдар тілімізге жанашырдай,
Қалмасын тіліміздің бағы ашылмай.
Тіл мен ұлт егіз ұғым білесіздер,
Көзіңнің ағы менен қарасындай.
Тілсіз ұлттың жағдайы білген жанға,
Жанбаған оттың әлсіз шаласындай.
Сондықтан әрбір қазақ тілін сүйсін,
Өзінің ақ сүт берген анысындай...

Жарқынбек Шынтаев,
«ФҚТ» мамандығы, 02305-топ

Тіл дегенде тұманды ойлар маза алған,
Қарғыс үндер шығып жатыр мазардан.
Тіл дегенің - теңдігіңнің айғағы,
Тіл болмаса мына барлық азар жан...
...Тілді ойласам, кетер жаным қамығып,
Құлатардай жақындасам жар үміт.
Соры батпан тілім жатыр зар илеп,
Абай, Мұхтар, Шәкәрімді сағынып.
Тілім жатыр тексіздерее бұралып,
Қайғыменен жатыр, міне, жыр ағып.
Амал қанша?
Бергенменен бұл тілді,
Сәкендерім сергелденнен шығарып.
Оян, Қазақ, есіңе алып өткенді,
Тілім менің батпан мұңды көп көрді.
Өз елінің өрлігін еш көре алмай,
Ақын бала заманына кектенді.
Тіл – мәңгілік таусылмайтын мол дастан,
Анам тілі әлдиімен көзді ашқам.
Тілім үшін жаным құрбан, себебі,
Маңдайыма «қазақ» деген мөр басқан.



Асланбек Шығыров,
«ФҚТ» мамандығы, 02105-топ

Ғасырлардың тоғысына тербеліп,
Ұлттық рухты жойып жатыр пенделік.
Қанша ұлттың тілі құрып ғаламда,
Сөніп жатыр қара жерге жерленіп.
Өзге жұртқа құр қарайлап отырмай,
Қайран қазақ өзімізді жөнделік.

Қолда бардың бағалығын ұға біл,
Ұлы елдің ұлы ері аманда.
Қадіріне жету үшін тіліңнің,
Жаңа зұлмат керек пе әлде қоғамға.

Күз мұңымен жаздыратын жаз әнін,
Қазақ тілім баға жетпес ғажабым.
Тарих салған дүниенің көшінде,
Тілсіз халық болғандығы таза мұң.
Егер тілім төмендесе төбеден,
Ұлт алдында барлық ұрпақ жазалы!

Ана тілім неткен өткір тіл едің,
Қасиетіңді, қадірiңді білемін.
Шұбарланып түсе қалса мәртебен,
Шыдамайды кеудемдегі жүрегім.

Назар салып жүрегінің түбіне,
Кім бар бірақ құлақ асқан бұл үнге?!
Қазақ тілін жетік білген қазақтан,
Шұбарланған шалалар көп бүгінде.
Балалар көп туған тілін білмейтін,
Ағалар көп ана тілін күндейтін.
Басшылар көп заң шығарып тіл жайлы,
Сол өз заңын құлағына ілмейтін.
Жастарың көп алалықты жақтаған,
Жаттың тілін жариялап, мақтаған.
Анталаған жаудан емес, бұл күнде,
Дәл осындай тілсіздерден сақтанам.



Айкөркем Есенгелді,
«ҚТӘ» мамандығы, 02101-топ



Жар астында жасырынған жауың бар,
Көрде жатып күңіренген қауым бар.
Бабаларым мұра етіп қалдырған,
Құрметтейік туған тілді, бауырлар!

Әбілманат Әлімов,
«ҚТӘ» мамандығы, 02101-топ

Ана тілім-айбыным, ардағымсың,
Қымбат тұрар әрдайым бақ-арымсың.
Ана тілім-қастерлі қазақ тілі
Сен керексің әр қазақ арманы үшін!

Ана тілді құрметте, ей, қазағым!
Ана тілде жатыр ғой бар ғажап үн,
Таусылмас кені жатыр жүрегінде,
Сол кенді ақтара алса әрбір ақын.
Ақын жазған, дана жазған-ана тіл!
Айбыныңды асқақтатар ана тіл!
Уа, жамағат, ана тілді құрметте,
Ана тілің басқа тілден дара тұр!



Айкөркем Зинелова,
«ҚТОМҚТӘ» мамандығы, 02104-топ

Алаулап шалқар жырлар жарқын таңда,
Арайлана нұр төксін әр кун жанға.
Туіссiңдер өрлеуге тек биікке,
Қолдайтын өнерiңді халқың барда.

Нүркен Әмірашев,
«ҚТӘ» мамандығы, 02402-топ

«Шешендік мектебі» («Школа ораторского искусства» - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы – **А.С.Қыдыршаев**, тілшілері – **Жадыра Нариманова** (02405-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы), **Мөлдір Серікқалиева** (02205-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы)



Қазан айының 13-17 аралығында халық батыры Махамбет Өтемісовті дәріптеуге арналған дәстүрлі «Махамбеттің дарынды ұрпағы» атты университет студент-жастарына тәлім беру апталығы болып өтті.

Апта хроникасы

Аталмыш апталықтың мақсаты Махамбеттің патриоттығын, шығармашылығын өскелең ұрпаққа насихаттау арқылы студент-жастардың бойындағы отансүйгіштік сезімдерін арттыру, рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдіру. Апталықтың алғашқы күнін филология факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор А.С. Қыдыршаев алғы сөзбен ашып, студенттерді апталыққа белсене қатысуға шақырды, келесі сөз кезегін алған «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, ф.ғ.к., БҚМУ профессоры С.Ф. Шарабасов «Қала мектептерінде Махамбет шығармаларының оқытылу жай-жапсары» тақырыбында сөз қозғап қазіргі студент, ертеңгі болашақ ұстаздарға салмақты ой салды. Шара «Поэзия кеші» атты көркемсөз оқу сайысымен жалғасып, Махамбеттің жалынды жырларын дарынды ұрпақтары мәнерлеп оқыды. Сайыста дауыс дикциясымен ерекшеленіп, көзге түскен «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті Қайыржанова Мөлдір көркемсөз оқушылар арасынан 1-орынды иеленді. «Махамбеттің жыр-семсері» атты жас ақындар мұшайрасында Махамбет бабасына және еркін тақырыпқа арналған жыр шумақтарын оқыған өрімтал өрендер арасынан өзінің «Ұлылық иесі өлмеген», «Қазақ десек» атты өне бойынан патриоттық желі есіп тұрған өлеңдерімен, дауыс дикциясында Бекболат Тілеуханов ағасының сарыны бар, «Филология: қазақ тілі» мамандығының 1-курс студенті Шығыров Асланбек бас жүлдені жеңіп алды. «XXI ғасыр патриоттары» тақырыбындағы дөңгелек үстелде қазіргі замандағы патриоттық, бүгінгі күнгі патриоттар жайында сөз қозғалып, профессор С.Ф. Шарабасов, ф.ғ.к., доцент А.Ә. Нияғалиева өздерінің Махамбеттің патриоттығы, қазіргі замандағы патриоттар жайындағы салмақты пікірлерін айтып,

студенттерді қысылмай өз ойларын айтуға шақырды. Кеш «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенттерінің баяндамалар оқуымен, 3-курс студенттерінің өздерінің құнды пікірлерін ортаға салуымен жалғасты. Дөңгелек үстелдегі намысты жастардың ой-толғамдарынан қоғамда қалыптасып қалған «Қазіргі жастар кері кеткен» деген пікірдің бір жақты еместігіне, Отанын, елін сүйетін, тілін көзінің қарашығындай сақтайтын, қаймана халқына жаны ашитын адал ұл-қыздардың барына көз жеткізілді. «Махамбет студент шығармаларында» тақырыбындағы шығармалар байқауында жазылған шығармалардан «Филология: қазақ тілі» мамандығының 3-курс студенті Лесов Наурызбектің шығармасы үздік деп танылды. Студент шығармасында екі яғни «Тәуелсіздікті аңсаған Махамбет» және «XXI ғасыр патриоты» тақырыптарына қалам тербеп, өзінің өлең шумақтарын да арнаған.

Апталықтың қорытынды кешінде «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент З.Ж. Мүтиев сөз алып, апталыққа белсене қатысқаны үшін студенттерге алғысын білдіріп, алда да «Махамбеттің дарынды ұрпағы» болуларына тілек білдірді. Кеш әсем ән, жалынды жырлар оқумен жалғасып, соңында апталықты ұйымдастыруға белсене атсалысқан студенттерді, сайыстардың жеңімпаз студенттерін филология факультеті деканының орынбасары ф.ғ.к., доцент А.Ә. Раманова естелік сыйлықтар және дипломдармен марапаттады.

Г.Ш. ИСМАҒҰЛОВА,
«Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының әдіскері

Махамбет бабамды оқығанда

«Мен, мен едім, мен едім, мен Нарында жүргенде еңіреп жүрген ер едім», - деп жырлаған Ішкі Бөкей Ордасында дүниеге келген атақты ақын, ел намысын қорғаған арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты батырымыз Махамбет атамyzдың өлең-жырлары адамды толғандырып қана қоймай, ойландыра да түседі. Ол өз заманының жағдайын, айналасында болып жатқан сұм оқиғалар мен халық басындағы мұң-шерді, қайғы-қасіретті жырлады. Әділетсіз де парақор билерді, жағымпаздық кейіп танытқан екі жүзді сұмпаы сұлтандарды сынға алды. Сонымен қоса сол замандағы қарапайым қара халықты қанап, көздерінен қан ағызған хандардыңда жиіркенішті іс-әрекеттерін беттеріне басып жырлап, «Жеңірге», «Баймағамбет сұлтанға» өлеңдерінде өз заманындағы өмір шындығын шебер көрсете білген. Махамбет жырларын оқығанда адам терең тебіреніп, жеңісі мен қуанышын, жеңілісі мен күйігін бірге кешкендей сезінеді. Ақынның құдіретті сөзінің күні бүгінге дейін сыры кетіп, сыны түскен жоқ. «Арғымақтың баласы», «Жалған дүние», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Қызғыш құс», «Арқаның қызыл ізені», «Адыра қалған Нарынның», «Мінкен ер» өлеңдерінде халық жағдайы, елдің ауыр тұрмысы мен тағдыры, арман мүддесі жырланады.

Ақынның қызыл оттай қызулы, кылыштай өткір, селдей серпінді сөздері қара түнекті өмірде жүрген қазақтың ақ жүрегіне толқу салып, ер көңіліне жігер берді. От ауызды, орақ тілді ақын өлеңдерінің басты қаһарманы, қасындағы сенімді серігі Исатай жайында да сөз қозғап, жыр толғайды. Исатайдың адамгершілігі, азаматтығы, батырлығы, қайсарлығы «Исатай деген ағам бар», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Мұнар күн», «Исатай сөзі», «Мінкен ер», «Ей, Махамбет жолдасым», «Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай», «Тайманның ұлы Исатай» т.б. өлеңдерінде сипатталады. Махамбет өз халқының еркіндігін, теңдігін, жақсы тұрмысын аңсаған. Ақынның «Ереулі атқа ер салмай» атты өлеңі қарапайым қазақ халқы өз болашағына күдікпен қараған кезде, оларға рух беріп, ал сарбаздарды намысын қайрау, ұлы мақсаттан айнымауға шақырған.

Махамбет бабамыздың өлеңдерінің терең тұңғығында үлкен мән-мағына жатыр. Оның өлеңдері біз үшін өте бағалы. Білім ордасы Махамбет Өтемісұлы атындағы университетте оқып жүрген студент-жастар, яғни біз, Ақын Жылқышиев Қойшығұл Өмірұлы айтқандай «Батыр атамyzдың өлеңдерін жаттап қана қоймай, оны тереңірек зерттеп, рухын одан әрі асқақтата түсуіміз қажет».

своей цели в борьбе.

Стихи Махамбета Утемисова раскрывают чаяния народа – свободу, мечты о светлом будущем, радость к жизни, любовь к народу и Родине.


Reading verses of the national hero of Makhambet

In Internal to the Horde 1803 the poet, the soldier, the fighter for justice Makhambet Utemisov was born. The person devoted all the life to fight for the oppressed Kazakh people which was under double oppression – the Kazakh governors and imperial officials. As the poet it the songs inspired, rallied the people and conducted on fight in a verse of «Ereul atka er salmay». In the verses to «Zhangir», «to the sultan» I derided Baymagambet, sultans for their callousness, immorality to the people.

Songs and Makhambet's verses are called by the people for unity, for freedom, unity in fight for independence. Its works are actual

■ Ұрпақ үні

Құрметті оқырман! Жаршымызды үзбей оқып жүрген болсаңыз, жаршының әр санына талантты студент-жастардың Махамбет бабаға арнау өлеңдерін, батыр баба шығармашылығы турасындағы ғылыми-ізденушілік жұмыстарын, проза жанрындағы әңгімелерін, шығармаларын жариялап жүргенімізді байқаған боларсыз. Жаршымыздың бүгінгі санына сондай талантты жастарымыздың бірі, «Филология: қазақ тілі» мамандығының 1-курс студенті Шығыров Асланбектің университетімізде өткен «Махамбеттің жыр-семсері» атты жас ақындар мұшайрасында бас жүлдені жеңіп алған өлеңін ұсынып отырмыз.



Асланбек ШЫҒЫРОВ,
«Филология: қазақ тілі»
мамандығының 1-курс студенті

Ұлылық иесі өлмеген

Алысты кеше бостандық пенен бодандық,
Бар бағымыздан Ордадай болып тоналдық,
Ей, қазағым-ай, аңқаулығыңды әуелде,
Қалдырып қойған молаң ғып.

Қақылдап ұшқан заман еді ғой қарға құр,
Бәріне көніп, бәрі де болды «ал, мақұл!»
Сол замандарда ашынып кетіп, шыдамай,
Білегін түрді сан батыр.

Шалдар да тілек тілеген еді батам деп,
Қалың ел сенген арайлап таң да атар деп.
Арқалап елдің үкілеп жүрген үмітін,
Найза алды қолға біртуар бабам – Махамбет.

Жорыққа талай аттандырған-ды ел сеніп,
Жеңермін деген, құдайым бақты берсе нық.
Бабамды көріп қайтқан деседі жаулары,
Төзгісіз мұңнан теңселіп.

Сыйлаймын деумен еліне бүтін теңдігін,
Көтерген еді елінің барлық шер-мұңын.
Бабамның сонау замандардағы көргенін,
Бүгінгі күні көрді кім?!

Батырларына бере алды дейсің ел несін?
Білген ғой, бірақ, соғыста ердің өлмесін.
Батырым кетті қапыда, түк те білдірмей,
Жылан боп жауы келгесін.

Қазағым үшін кездескен сан ғой сынақ сан,
Осылай, міне, батырды аңқау құлатқан.
Алжасты дейді ессіз жаулары, бабамның
Өр үні кетпей құлақтан.

Тұлпарлар кетті ауыздық шайнар тебініп,
Ессіздер жатты ессіздігімен семіріп.
Батыры кетіп, абдырап қалды қазағым,
Адалы мұңға жегіліп.

Ал, содан бері талай да талай күн өтті,
Қуанып алып, жылатқан кейде жүректі.
Махамбеттейін өлмеген баба рухы,
Жаныма менің гүл екті.

Қуат аламын бабамыз салған өр үннен,
Жүрекке біздің ерліктің дәні себілген.
Бабамның менің ақындығы мен айбары,
Тұлғасында бұрымдай болып өрілген.

Мол шабытпенен жөнді шығар көмбеден,
Баба ұрпағымын, қорқамын айтшы мен неден?!

Қолдайды бізді Махамбет бабам үнемі,

Себебі, ол мүлде өлмеген.

and demanded, it seems to me and during our era and time. After all Makhambet's songs it is perceived with all the heart and heart of an event of that period, it is pleasure of a victory and bitterness, regrets and defeats.

Many verses I devoted Makhambet to the friend, the soldier, the head of revolt Isatayu Taymanova. It in verses sings of humanity wisdom, bravery, devotion of the purpose in fight «Isatai degen agam bar», «Argymakka okh tidy», «Tarlanim».

Makhambet Utemisov's verses are opened by expectation of the people is freedom, bright future, pleasure to life, love to the people, and the Homeland.

Жанар АБДРАХМАНОВА,
02205-топ студенті
(«Филология: қазақ тілі» мамандағы)



* Отан отбасынан басталады.
* Любовь к родине рождается у семейного очага.
* Love for the country begins with a family.

Филология факультетінің жаршысы, 2014 жыл, №2, қазан

Ұлы Жеңіс тағылымы

Мәншүк ана батыр қыз

Қадірлі Баукең, Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштей батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты», - дейді. Ойлы түйін. Шындығы да сол. Ата-бабамыз небір қанқұйлы соғыс дауылын көрді емес пе. Осыдан 70 жыл бұрын адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғыс – Ұлы Отан соғысының оты өшкен-ді. Енді оның беті әрмен.

Айбынды білек, сенімді ыстық жүректерімен, қайрат күштерімен көшегі қыз-жігіттер, бүгінгі өнегелі ата-әжелеріміздің арқасында тажал соғыс жеңіспен аяқталды. Біздіңше, уақыт өткен сайын ата-бабаларымыз сыйлаған жеңістің маңызы еселеп артуда. Олардың көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Жауынгерлер ерлігіне тағызым ретінде «Филология:қазақ тілі» мамандығының 02205-топ студенттері кураторы Абат Сатыбайұлымен бірге Шығыс шынары Мәншүк Мәметованың майданға аттануы мен ұрыс даласындағы бізге беймәлім сырларын білу мақсатымен батыр апамыздың мұражайына бардық. Мұражай экскурсоводы Эльдар Қайырғалиұлы кіндік қаны Нарын құмында тамған апамыздың өміріне тоқталып, Мәметовтер отбасының фотосуреттерімен, құжаттарымен және жеке заттарымен таныстырды. Мұражайдағы Ибрагим Айденөвтің авторлығымен әзірленген «Мәншүктің жастық шағы», «Қасіретті ана» атты мүсіндер студент жастарға ерекше әсер қалдырды.

Мәншүк Мәметова – Кеңес Одағының Батыры атанған Шығыстан шыққан алғашқы қайсар қазақ қызы. «Фашисттерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз», - деп өтініш білдірген батыр Мәншүк апамыздың ерлігін мәңгі есте қалдыру үшін елімізде ескерткіштер орнатылғаны, көшелерге есімі берілгені, артында өшпес өнеге қалдырған ұлтымыздың даңқты қызы туралы көптеген кітаптар мен әндер жазылып, фильмдер түсірілгені көңіл қуантады, кеудеге қуаныш сыйлайды.

Бақсақ, Мәншүк майданда 418 күн болған. Ұлы Отан соғысы

1418 күнге созылғанын ескерсек, оның 418 күнінде қазақтың ержүрек қызының азапты күндері мен ерлік ісінің іздері мәңгі қалды емес пе. Сонда даңқы әлемге әйгіленген, Мәншүк Мәметованың жұдырықтай жас жүрегі жұмыр жердің бетінде небәрі 21 жыл 13 күн дүрсілдей соққан-ау. Қайран дүние десеңші! Неткен елге деген махаббат! Әдетте ерлік жасау үшін ұзақ өмір сүру парыз болмаса керек-ті.

Қанды майдан шебінде күндіз-түні тізе бүкпеген сол бір қайратты да қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақыт сынынан сүрінбей өткені таңғалдырмай қоймасы анық. Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік үлгісін



қалдырды. Ата-бабамыздың бұл теңдесіз ерлігінің тарихқа алтын әріптермен жазылуы заңды. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Нәзік ҒАЗЕЗ,
«ФҚТ» мамандығы, 02205-топ

Студенты-лидеры

Понедельник день тяжёлый. Так говорится в народе, но только не для старост филологического факультета. Каждый понедельник, в 16:00, на факультете филологии собирается старостат, где старосты 55-и групп отчитываются о посещаемости, делаются новостями, готовятся к мероприятиям, решают насущные вопросы. Так, же на старостат приглашаются гости различных уровней. Так, 20.10.14 года на старостат были приглашены Ляззат Анатольевна Садыкова, руководитель Центра Болонского процесса и руководитель офиса коммерциализации Эдуард Жусупович Имашев. Они представили информацию о различных программах по академической мобильности и о том, как готовиться к научной работе. В продолжение встречи старосты обсудили злободневные вопросы прошедшей недели со студентами и Абатом Сатыбаевичем Кыдыршаевым, деканом филологического факультета, который и ввел проведение старостата, что стало традицией.

В каждом коллективе, обществе появляются люди, которые берут на себя ответственность за всех. Наши старосты - это люди, умеющие совмещать отличную учебу с работой и участвовать в общественной жизни вуза. Старосты назначаются из наиболее активных и ответственных студентов, которые автоматически становятся опорой для кураторов и преподавателей. Ответственность - это одна из лучших качеств

СТАРОСТЫ - ПАТРИОТЫ



человека, очень важное чувство - брать ответственность на себя. Помогать товарищам, преподавателям, вновь прибывшим студентам - такое чувство надо культивировать во всех отношениях. Если есть возможность помочь человеку, нужно помогать. В результате чего у самого человека

В добрый путь!

Посвящение в студенты

Вот уже более 80 лет как в нашем университете образовалась традиция под названием «Посвящение в студенты». И этот год не стал исключением для этого. В этот раз посвящение в студенты для первого курса филологического факультета прошел 9 октября текущего года. Этот одновременно веселый и торжественный день принёс много радости бывшим абитуриентам, потому что взяв на руки свои студенческие билеты и дав клятву своему университету они поняли, что наконец-то стали студентами. Это торжественное мероприятие началось со слов поздравления декана филологического факультета, д.п.н., профессора А.С.Кыдыршаева. Продолжение свое оно нашло в музыкальных и танцевальных номерах, которые подготовили студенты старших курсов специально для этого замечательного мероприятия. Лично для меня этот день был полон радости и одновременно полон волнения, так как он является одним из самых волнительных моментов моей жизни.



Хорлан Батырниязова,
Спец: «РЯЛШНЯО», гр. 03105



Балалықты артқа тастап, жаңа өмір жолына қадам бастық. Өміріміздің бұл сатысы - университет кезеңі. Керемет көңіл-күймен, аздап қобалжи келе, болашағымыздың бауын бекем байлап студент атандық. Көптен күткен қасиетті студенттік билетті қолымызға алдық, демек, кез келгеннің басына бұйырмайтын нағыз студент атану осы тұстан басталады. Құрбыларымды осы қуанышты сәтпен құттықтай отырып, студенттік кезеңнің қадірін білуге шақырамын.

Нұржауған Қайырова,
„ФҚТ“ мамандығы, 02105-топ

This was the best what I've seen. Of course it's for us, for freshmen. Our sisters and brothers (the philology faculty) tried to introduce themselves better to us. We are so happy, that we are students of this university. The best wishes, songs, dancing and funny boys helped to be in good mood. Thank your dear students!



Zarina Yksanova,
«Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы, гр: 03102

Конкурс! Конкурс! Конкурс!

Филология факультетінің топ старосталарын конкурсқа қатысуға шақырамыз. **Шарты:** 1. Сабаққа топ студенттерінің 100% қатысы (студенттік функцияны мүлтіксіз орындау); 2. Үздік үлгерім үлгісін таныту; 3. Топ студенттерінің белсенділігі (көшбасшылығы, қоғамдық ортадағы белсенділігі, мәдениеттілігі, өзін-өзі басқара білуі, т.б.) **Жеңімпаз топ және оның старосталарының марапатталуы:**

Бас жүлде: «Үздік академиялық топ» («Сенім тобы» - «Группа доверия» - «Үздік көшбасшы») атағы беріледі. Бұған қоса бағалы сыйлық тапсырылады. **I, II, III орын-дар:** Әрқайсысына бағалы сыйлықтар беріледі, арнайы сертификаттар қоса тапсырылады.

P.S. Конкурсқа қатысқан әрбір белсенді старостаға арнайы сертификат беріледі.

Приглашаем старост групп филологического факультета принять участие в конкурсе. **Условия:** 1. 100% посещаемость студентов групп; 2. Отличная успеваемость; 3. Активное участие в общественных мероприятиях.

Главный приз: Звание «Лучшая академическая группа» («Группа доверия») и вручение ценных призов, занявшим I, II, III места будут вручены ценные призы и специальные сертификаты.

Филология факультетінің деканаты

меняется мышление, повышается самооценка. И я считаю, что ответственность одна из важнейших черт систем ценностей. В будущем такой человек с легкостью будет брать ответственность за свою семью, коллег, товарищей и, наконец, за страну.

Активные студенты, которые являются старостами –это самые сильные, мобильные, смелые, уверенные ребята, которые ведут других студентов за собой. Вся общественная жизнь вуза и решение многих вопросов, которые возникают в группе, лежат именно на плечах старост. И я надеюсь, что приобретенное чувство ответственности у наших старост будет сопровождать их на протяжении всей жизни.

Нурдаулет ЕРБУЛЯКОВ,
Спец: «ФРЯ», гр.03206

Браво, первокурсник!

Студент первого курса педагогического факультета самбист **Серикбай Негмет** на Чемпионате мира, который прошел 8-12 октября в Сеуле, Южная Корея, занял призовое 3 место. Бронзовая медаль – не последняя награда в копилке семнадцатилетнего спортсмена, радость от которой разделяют все студенты ЗКГУ.

Серикбай до поступления на специальность физической культуры и спорта педагогического факультета ЗКГУ учился в областной школе для спортивно одаренных детей ЗКО. С семи лет увлекся самбо и дзюдо. На своем первом серьезном соревновании – Чемпионате РК в Павлодаре – занял третье место. Впоследствии он будет брать только первые места в своей возрастной группе.

Подтверждая свое мастерство, на Международном турнире памяти чемпиона мира по самбо А.Шайхиева в Уральске, который состоялся 1-2 ноября, Серикбай Негмет занял



первое место.

В турнире приняли участие 12 команд из Армении, Узбекистана, России и Казахстана. В честь знаменитого спортсмена гостям соревнований, а также тренеру Ж.Жардемову были вручены памятные медали.

Жастар салауатты өмір салтын насихаттауға

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Мәдениет және өнер факультетінің студенттік құрамы қазан айының 26-жұлдызында волейболдан факультетішілік жарыс ұйымдастырды.

Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне факультетіміздің барлық курс студенттері белсенді қатысты деуге болады. 1 курс студенттерінен 2 команда: «Қыран» және «ART», 2 курс студенттерінен «11205», 3 курс студенттерінен «Сіздер үшін», 4 курс студенттерінен «Олимп» командалары осы жылғы кубокка таласты. Жарысымыздың арнайы қонағы Отаров Мәлс Асқарұлы және бас төреші «Деңе шынықтыру және спорт» кафедрасының оқытушы-магистрі Абдрахманов Ибраим Саматович болды. Сайысты өткізуіміздің мақсаты денсаулық кепілін қалыптастыру, сонымен қатар салауатты өмір салтын насихаттау, факультетімізде спортты дамыту және 28-қазан өтетін университетішілік волейболдан факультет



аралық сайысқа іріктеу болатын. Сайысымыз өз деңгейінде өтті, жақсы, қызу, таласты ойын болды. Нәтижесінде «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 1 курс студенті Мақсотов Мейірбек үздік ойыншы атанса, хореография мамандығының 1 курс студенті Хамзин Сүйінқара Талантұлы үздік қорғаушы атанды. Осы жылғы кубок иегері боп хореография мамандығының 2 курс студенттерінен құралған «11205» тобы танылды.

Б.Ә.ИГІЛІК,
«Мәдени-тынығу жұмысы»
мамандығының 1 курс студенті

Жоптан оза шапқан дарабоздар

БҚМУ «Ақ-жайық» спортклубы ұйымдастыруымен үш күнге созылған факультет студенттері арасындағы волейбол додасында жаратылыстану-география факультеті өздерінің тыңғылықты дайындықтарының арқасында жеңістің ең биік тұғырынан көріне білді.

Жарыстың алғашқы күні жартылыстану-география факультетінің қыздар құрамасы мәдениет және өнер, филология факультеттерімен кездесіп жеңісті қолдан бермеді. Финалдық ойында топтық ойын көрсетіп тарих, экономика және құқық факультетін жеңіп, бас жүлдеге ие болды. Қалған орындарды тарих, экономика және құқық факультеті мен педагогика факультеттері өзара бөлісті.

Екінші күні жарыстың ең қызған шағы ұлдар арасындағы дода болатын. Өз факультеттерінің намысын арқалап келген жаратылыстану-география факультетінің ұлдар құрамасы филология және физика-математика факультеттерінен басым түсіп финалдық ойынға жолдама алды. Финалда екі жыл бойы жеңіс тұғырынан түспеген тарих, экономика және құқық факультетін ұтты.

Үш күн бойы жаратылыстану-география факультетінің жанкүйерлері өз командаларына жоғары дәрежеде қолдау көрсетті. Жарыстың биік шыңынан көрінген жаратылыстану-география факультеті студенттерін факультет деканы Ақтоты Болатқызы Ниязбекова қабылдауына алып, алғыс білдірген болатын. Жаратылыстану-география факультеті өз мөрімен.

Дулат Жүсіпқалиев,
биология мамандығы 2 курс

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің I – курс студенттері арасындағы спорттық фестивальдің есебі

Жарыс БҚМУ спорт алаңында ережеге сай өткізілді. Бұл жарысқа барлық факультеттерден 163 студент қатынасты. Жарыс Шахмат, Дойбы, Үстел теннисі, Дартс, Қол күресі және тоғызқұмалақ ойын түрлерінен өткізілді. Қорытындысы бойынша:

Дойбыға 25 студент қатынасты.

I орынға Мұзапар Нұржан -01101 топ

II орын Қажымұқанова Диляра – 04103 топ

III орын Мырзабаева Данагүл (01106) және Шораев Қанағат (05101) ие болды.

Шахматқа 16 студент қатынасты.

I орынға Сұлтанова Айда - 06108 топ

II орын Абсат Бейбарыс – 04101 топ

III орын Беркинов Жасқанат -04101 топ ие болды.

Дартсқа 40 студент қатынасты.

I орынға Шолды Садырбек - 05104 топ

II орын Разиев Ерген – 05101 топ

III орын Сатыбалды Айдар ие болды.

Тоғызқұмалаққа 16 студент қатынасты.

I орынға Джанбырбаева Лиза - 01103 топ

II орын Жұма Дария – 04102 топ

III орын Төлебай Айсара -06102 топ ие болды.

Қол күресіне 19 студент қатынасты.

I орынға Манапов Тимур - 05102 топ

II орын Сәндібек Ерсұлтан – 05104 топ

III орын Мұратқалие Өнербек -04104 топ ие болды.

Үстел теннисіне 47 студент қатынасты. Қыздар арасында

I орынға Кәрім Нұрдана

II орын Еламан Данара

III орын Шамишова Айдана ие болды.

Ұлдар арасында

I орынға Турсынов Малик-04102 топ

II орын Жетенов Азамат- 09102

III орын Ибатов Тілек (05103) ие болды.

Жеңімпаздармен жүлдегерлер жарыс қорытындысы бойынша спорт клуб дипломдарымен марапаттады.

* * *

2014 жылдың 3 қазан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Ұстаздар күніне» орай оқытушылар мен қызметкерлер арасында үстел теннисі оздырылды.

«ҮЗДІК ОЙЫНШЫ» номинациясына ие болған Нагимов Нұржан (қауіпсіздік қызметкері) және Иманғалиев Мирболат (Физ мат. оқытушысы)

50 жасқа дейін ерлер арасында

I орын Базартаев Тілек (дене тәрбиесі)

II орын Каукеев Өсет (дене тәрбиесі)

III орын Қажғалиев Нұрхат (IT бөлімі)

50 жастан жоғары ерлер арасында

I орын Жардемов Жұбаныш (дене тәрбиесі)

II орын Усиев Ермек (Жаратылыстану-география факультеті)

III орын Бекбаев Сатыбалды Шамұранұлы (дене тәрбиесі)

Жеңімпаздармен жүлдегерлер жарыс қорытындысы бойынша спорт клуб дипломдарымен және медальдармен марапаттады.

* * *

М.Өтемісов атындағы БҚМУ 2014-2015 оқу жылына арналған студенттер арасында шағын футболдан өткізілген спартакиада есебі

Жарыс БҚМУ спорт алаңында ережеге сай өткізілді. Бұл жарысқа барлық факультеттер толық құрамда қатынасты. 67 спортшыны қамтыды. Жарыс қорытындысы бойынша

I - орын Тарих, экономика және құқық факультеті

II- орын Жаратылыстану-география факультеті

III- орын Мәдениет ж/е өнер факультеті ие болды.

Үздік ойыншылар

Үздік Қақпашы Катуов Ерназар (Мәдениет және Өнер факультеті)

Үздік Қорғаушы Шарипов Қуаныш (Жаратылыстану-географиялық факультеті)

Үздік Шабуылшы Каиров Ильяс (Тарих, экономика және құқық факультеті)

Командалар мен үздік ойыншыларды жарыс қорытындысы бойынша спорт клуб дипломдарымен марапаттады.

* * *

28-30 қазан аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері арасындағы волейболдан ұлдар мен қыздар арасында спартакиада өткізілді. Бұл жарысқа 6 факультет толық қатынасты.

Қыздар арасында

I орын Жаратылыстану-география факультеті

II орынға Тарих, экономика және құқық факультеті

III Физика математика факультеті орынға ие болды.

Ұлдар арасында

I орын Жаратылыстану-география факультеті

II орынға Тарих, экономика және құқық факультеті

III орынға Мәдениет және Өнер факультеті ие болды.

Қыздар арасында үздік ойыншылар Тәжібекова Ұлболсын – Жаратылыстану және география факультеті, Железнова Екатирина және Серікқалиева Айсәуле – Тарих, экономика және құқық факультеті

Ұлдар арасында Үздік байланыстырушы Қаратай Арданат – Тарих, экономика және құқық факультеті.

Үздік шабуылшы Утеуов Қуаныш - Жаратылыстану-география факультеті

Үздік қорғаушы Мергенғалиев Фараби - Мәдениет және Өнер факультеті,

Т. Сарсенбай,
Спорт клуб төрағасы

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА,

Мәдина ҚОЙШЫҒАРАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.